ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 15 мамыр №287 Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 41, 521-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларында:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) республикалық заңды тұлғалардың мүлкі коммуналдық меншікке облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің өтінішхаты негізінде берілетін мүлік теңгерімінде тұрған республикалық заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша беріледі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мүлік коммуналдық меншікке облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің өтінішхаты негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімі бойынша беріледі;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкі республикалық меншікке мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен және мүлік теңгеріміне берілетін республикалық заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің қаулысы негізінде беріледі;

коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкі республикалық меншікке Ұлттық Банктің немесе оған ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың теңгеріміне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің қаулысы негізінде беріледі;»;

3-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мүлікті қабылдау-беру актісіне (табыстау актісіне) беретін және қабылдайтын тараптардың уәкілетті лауазымды адамдары қол қояды және оны мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшылары (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары) бекітеді.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.МАМИН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 15 мамыр №290 Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Ішкі істер органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеу қағидаларын, сондай-ақ өтемақы алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1209 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ішкі істер органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеу қағидаларын, сондай-ақ өтемақы алуға құқығы бар ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1209 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ, 2014 ж., № 71, 642-құжат, 2016 ж., № 67, 457-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ішкі істер органдарының тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы алуға құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының санаттарында:

«1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты» деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты

Криминалдық полиция департаменті, Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті, Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті, Тергеу департаменті, Жедел-криминалистикалық департамент, Өзіндік қауіпсіздік департаменті, «Интерпол» ұлттық орталық бюросы

Департамент бастығы;

департамент бастығының орынбасары;

дербес басқарманың бастығы;

дербес басқармасы бастығының орынбасары;

басқарма (бөлім, бөлімше) бастығы;

басқарма (бөлім, бөлімше) бастығының орынбасары;

бас криминалист;

аса маңызды істер жөніндегі бас жедел уәкіл (тергеуші);

аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл (тергеуші, анықтаушы);

аға жедел уәкіл (тергеуші, анықтаушы, криминалист);

жедел уәкіл, тергеуші, анықтаушы, криминалист.

Ескертпе: Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бойынша функционалдық міндеттері:

ұйымдастырушылық-талдамалық жұмысты және бақылауды;

ведомствоаралық үйлестіруді және профилактиканы;

есірткінің заңды айналымын лицензиялауды және бақылауды іске асыру мәселелері болып табылатын лауазымдарға қолданылмайды.

Жетінші бөліністер және «Р» бөліністері

Облыс, қала бойынша, көліктегі департамент, басқарма (бөлім):

департамент бастығы;

департамент бастығының орынбасары;

басқарма, бөлім, бөлімше бастығы;

басқарма, бөлім, бөлімше бастығының орынбасары;

аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл;

кіші жедел уәкіл.

Ескертпе: функционалдық міндеттері:

тіл саясатын;

халықаралық ынтымақтасты;

бұқаралық ақпарат құралдарымен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі жұмысты;

құқықтық қамтамасыз етуді;

құжаттамалық қамтамасыз етуді;

қаржымен қамтамасыз етуді;

материалдық-техникалық қамтамасыз етуді;

кадрлық қамтамасыз етуді іске асыру болып табылатын лауазымдарға қолданылмайды.»;

«2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті» деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті

Жедел басқарма

Бастық;

бастықтың орынбасары;

бөлім бастығы;

аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл.

Кезекші бөлім

Бастық;

аға инспектор-кезекші;

инспектор-кезекші;

әскери-жұмылдыру жұмысы және азаматтық қорғаныс бас маманы.

Режим, қадағалау және күзет басқармасы

Бастық;

бастықтың орынбасары;

аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл;

аға жедел уәкіл, жедел уәкіл, бас маман;

аға инспектор, инспектор.

Сотталғандар арасындағы тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыс басқармасы

Бастық;

бастықтың орынбасары;

бөлім бастығы;

бас маман;

бас маман-психолог;

аға инспектор;

инспектор, инспектор-психолог.

Өзіндік қауіпсіздік басқармасы

Бастық;

бастықтың орынбасары;

аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл.

Тергеу изоляторлары бөлімі

Бастық;

аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл.

Арнайы есепке алу бөлімі

Бастық;

бас маман;

аға инспектор;

инспектор.»;

«4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдары» деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдары

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі

Бастық;

бастықтың орынбасары;

учаскелік полиция инспекторы;

кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы;

жол-патрульдік полиция полицейі;

Криминалдық полиция, тергеу, анықтау, жедел-криминалистикалық, экстремизмге қарсы іс-қимыл қызметтері

Бөлім, бөлімше бастығы;

бөлім бастығының орынбасары;

аға жедел уәкіл (тергеуші, анықтаушы, криминалист);

жедел уәкіл, тергеуші, анықтаушы, криминалист.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың полиция департаменттері, Көліктегі полиция департаменттері

Бастық;

бастықтың орынбасары (жедел жұмысқа, тергеуге, жергілікті полиция қызметіне жетекшілік ететін);

жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы;

жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары;

Криминалдық полиция, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, экстремизмге қарсы іс-қимыл, тергеу, анықтау, жедел-криминалистикалық, өзіндік қауіпсіздік қызметтері

басқарма, бөлім, бөлімше бастығы;

басқарма, бөлім бастығының орынбасары;

аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл (тергеуші, анықтаушы);

бас криминалист;

аға жедел уәкіл (тергеуші, анықтаушы, криминалист);

жедел уәкіл, тергеуші, анықтаушы, криминалист;

кіші жедел уәкіл, тергеушінің көмекшісі, техник-криминалист.

Арнайы бөліністер

«Арлан» арнайы мақсаттағы бөліністері

Арнайы мақсаттағы бөліністің командирі;

арнайы мақсаттағы бөлініс командирінің орынбасары;

арнайы мақсаттағы бөлініс құрамындағы взвод командирі;

жауынгерлік және арнайы даярлық жөніндегі аға инспектор;

аға инспектор-шабуылшы;

аға инспектор-жару технигі;

аға инспектор-мерген;

жауынгерлік және арнайы даярлық жөніндегі инспектор;

инспектор-шабуылшы;

инспектор-жару технигі;

инспектор-мерген;

полицей, полицей-жүргізуші.

Арнайы жедел ден қою жасақтары

Арнайы жедел ден қою жасағының командирі;

арнайы жедел ден қою жасағы командирінің орынбасары;

арнайы жедел ден қою жасағы құрамындағы рота командирі;

арнайы жедел ден қою жасағы құрамындағы рота командирінің орынбасары;

арнайы жедел ден қою жасағы құрамындағы взвод командирі;

саптық бөліністің аға инспекторы;

аға инспектор-мерген;

жауынгерлік және арнайы даярлық жөніндегі аға инспектор;

аға инспектор (суатқыш машинасының);

арнайы техника жөніндегі аға инженер;

саптық бөліністің инспекторы;

инспектор-мерген;

жауынгерлік және арнайы даярлық жөніндегі инспектор;

инспектор (суатқыш машинасының);

инспектор-психолог (келіссөз жүргізуші);

арнайы техника жөніндегі инженер;

полицей-жүргізуші.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қалалық (аудандық, желілік) полиция басқармалары (бөлімдері), полиция бөлімдері (бөлімшелері)

Криминалдық полиция, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, тергеу, анықтау, жедел-криминалистикалық, экстремизмге қарсы іс-қимыл қызметтері

Қалалық (аудандық, желілік) полиция басқармасының (бөлімінің) бастығы;

қалалық (аудандық, желілік) полиция басқармасы (бөлімі), полиция бөлімі бастығының орынбасары (жедел жұмысқа, тергеуге, жергілікті полиция қызметіне жетекшілік ететін);

полиция бөлімшесінің бастығы (жедел жұмысқа, тергеуге, жергілікті полиция қызметіне жетекшілік ететін);

қалалық (аудандық, желілік) полиция басқармасының (бөлім) бөлім, бөлімше, полиция бөлімінің бастығы;

қалалық (аудандық, желілік) полиция басқармасының (бөлім) бөлім, бөлімше, полиция бөлімі бастығының орынбасары;

аға жедел уәкіл (тергеуші, анықтаушы, криминалист);

жедел уәкіл, тергеуші, анықтаушы, криминалист;

кіші жедел уәкіл;

тергеушінің көмекшісі;

техник-криминалист.

Жергілікті полиция қызметі бөлімінің (бөлімшесінің) бастығы және оның орынбасары;

учаскелік полиция инспекторы (оның ішінде, учаскелік полиция пункті жұмысын ұйымдастыруға жауапты);

кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы (оның ішінде, білім беру ұйымдарына бекітілген);

кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі аға учаскелік полиция инспекторы (оның ішінде, білім беру ұйымдарына бекітілген).

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және аудандардың полиция департаменттері басқармаларының (бөлімдерінің, бөлімшелерінің) жол-патрульдік полициясының саптық бөліністері

Полк (батальон, рота, взвод) командирі;

полк (батальон, рота, взвод) командирінің орынбасары;

взвод командирінің көмекшісі, әрі бөлімше командирі;

бөлімше командирі;

аға қызмет инспекторы;

қызмет инспекторы;

полицей;

полицей-жүргізуші;

полицей-кинолог;

полицей-кавалерист;

кезекші бөлім бастығы;

аға инспектор-кезекші (оның ішінде, оқиға болған жерге бару үшін);

инспектор-кезекші (оның ішінде, оқиға болған жерге бару үшін);

кезекшінің көмекшісі.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қылмыстық-атқару жүйесі департаменттері

Бастық;

бастықтың орынбасары (сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысына, жедел жұмысқа, режимге, қадағалауға және күзетке, арнайы есепке алуға жетекшілік ететін)

Жедел бөлім (бөлімше, топ)

Бастық;

аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл.

Кезекші бөлім

Аға инспектор-кезекші, инспектор-кезекші;

әскери-жұмылдыру жұмысы және азаматтық қорғаныс бас маманы.

Режим және қадағалау бөлімі (бөлімше, топ)

Бастық;

аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл;

бас маман;

аға инспектор;

инспектор.

Сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімі (бөлімше, топ)

Бастық;

бас маман;

аға инспектор;

инспектор.

Арнайы есепке алу бөлімі (бөлімше, топ)

Аға инспектор;

инспектор.

Өзіндік қауіпсіздік тобы

Аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл.

Түзеу мекемелері

Бастық;

бастықтың орынбасары (сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысына, жедел жұмысқа, режимге, қадағалауға және күзетке, арнайы есепке алуға жетекшілік ететін);

Жедел бөлім (бөлімше, топ)

Бастық;

бастықтың орынбасары;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл;

инспектор.

Режимдік бөлім (бөлімше, топ)

Бастық;

бастықтың орынбасары;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл;

барлық атаудағы аға инспектор;

барлық атаудағы инспектор;

аға инженер;

инженер;

техник;

аға өрт сөндіруші;

қарауыл бастығы;

жүргізуші қызметкер;

барлық атаудағы аға бақылаушы;

барлық атаудағы бақылаушы.

Кезекші бөлім

Колония бастығының кезекші көмекшісі;

колония бастығы кезекші көмекшісінің орынбасары;

Бақылау қызметі бөлімі (бөлімше, топ)

Бастық;

бастықтың орынбасары;

қарауыл бастығы;

қарауыл бастығының көмекшісі;

жасақша бастығы;

барлық атаудағы аға бақылаушы;

барлық атаудағы бақылаушы.

Сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімі (бөлімше, топ)

Бастық;

бастықтың орынбасары;

жасақ бастығы (аға тәрбиеші);

тәрбиеші;

барлық атаудағы аға инспектор;

аға инспектор-психолог;

инспектор-психолог;

барлық атаудағы инспектор.

Арнайы есепке алу бөлімі (бөлімше, топ)

Бастық;

аға инспектор;

инспектор.

Тергеу изоляторлары

Бастық;

бастықтың орынбасары (сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысына, жедел жұмысқа, режимге, қадағалауға және күзетке, арнайы есепке алуға жетекшілік ететін).

Жедел бөлім (бөлімше, топ)

Бастық;

бастықтың орынбасары;

аға жедел уәкіл;

жедел уәкіл;

есепке алу жөніндегі аға техник;

есепке алу жөніндегі техник.

Режим және күзет бөлімі (бөлімше, топ)

Бастық;

бастықтың орынбасары;

барлық атаудағы аға инспектор;

барлық атаудағы инспектор;

аға инженер;

инженер;

техник;

корпус бойынша басшы;

жүргізуші қызметкер;

барлық атаудағы аға бақылаушы;

барлық атаудағы бақылаушы.

Кезекші қызмет

Тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі;

тергеу изоляторы бастығы кезекші көмекшісінің орынбасары.

Арнайы контингент арасындағы тәрбие жұмысы бөлімі (бөлімше, топ)

Бастық;

жасақ бастығы (аға тәрбиеші);

барлық атаудағы аға инспектор;

аға инспектор-психолог;

инспектор-психолог;

барлық атаудағы инспектор.

Арнайы есепке алу бөлімі (бөлімше, топ)

Бастық;

бастықтың орынбасары;

инспектор;

есепке алу жөніндегі аға техник;

есепке алу жөніндегі техник.».

2. Осы қаулы 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.МАМИН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 16 мамыр №291 Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарлары, жұмыстары, қызметтері сатып алынатын қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелері мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындарынан сатып алынатын, олар өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі мен көлемін бекіту және «Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы №1423 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 79 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарлары, жұмыстары, қызметтері сатып алынатын қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелері мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындарынан сатып алынатын, олар өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі мен көлемін бекіту және «Төтенше жағдай аймағындағы халықтың ең төменгі тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1423 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы №79 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2016 ж., № 14, 55-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындарынан сатып алынатын, олар өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі мен көлемінде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2	үлбір (қаракөл, қой терісі) жағасы бар, парадтық-салтанаттық пальто, былғары пальто	дана	1000

»;

реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

12	жеңге тағатын белгілер (шевронда, жапсырмалар)	дана	100000

»;

реттік нөмірлері 16, 17-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірлері 18, 19, 20-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

18	кепкасы бар бүркеніш түсті жазғы костюм	жиынтық	16000
19	бүркеніш түсті жылы костюм	жиынтық	10000
20	ұзын және қысқа жеңді күнделікті (салтанатты) жейде	дана	55000

»;

реттік нөмірі 21-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

24	берет, пилотка	дана	5000

»;

реттік нөмірі 25-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

25	галстук, қосарланған галстук	дана	30000

»;

реттік нөмірлері 29, 30-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

29	қара түсті туфли	жұп	18000
30	қара түсті қысқа қонышты бәтеңке	жұп	15000

»;

реттік нөмірі 31-жол алып тасталсын;

реттік нөмірлері 32, 33, 34, 35-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

32	қысқа қонышты жылы етік	жұп	15000
33	жылы етік	жұп	10000
34	ұзын қонышты бәтеңке	жұп	15000
35	ұзын қонышты жылы бәтеңке	жұп	15000

»;

реттік нөмірі 44-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 45-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

45	әйелдерге арналған ішкиім	дана	10000

»;

реттік нөмірі 48-жол алып тасталсын;

реттік нөмірлері 51, 52-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

51	қысқа қонышты бәтеңке	жұп	30000
52	жылы бәтеңке	жұп	30000

»;

реттік нөмірлері 54, 55, 56, 57-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

54	бөлмеде және госпитальде киетін аяқ киімдер	жұп	30000
55	пима	жұп	2000
56	матрас	дана	80000
57	ақжайма	дана	80000

»;

реттік нөмірлері 59, 60, 61, 62-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

59	жастық	дана	80000
60	жастықтыс	дана	80000
61	көрпе (жартылай жүнді, синтепонды, түкті)	дана	80000
62	сүлгі	дана	100000

»;

реттік нөмірі 65-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

65	медициналық костюм	жиынтық	5000

»;

реттік нөмірі 66, 67-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірлері 68, 69, 70-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

68	пижама	дана	10000
69	жарық шағылыстырғыш жолағы бар жазғы костюм	жиынтық	70000
70	жарық шағылыстырғыш жолағы бар жылы күрте және шалбар	жиынтық	70000

»;

реттік нөмірлері 71, 72, 73, 74, 75-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірлері 80, 81-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

80	шұлғаулар	дана	100000
81	жөргектер, жаялық, ішкөйлектер	дана	5000

»;

реттік нөмірлері 82, 84-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірі 85-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

85	перделер	дана	1000

»;

реттік нөмірі 86-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

86	1 және 2-сұрыпты ұн өндірісі	тонна	200

»;

реттік нөмірі 89, 90, 91-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

89	макарон өнімдері	тонна	400
90	жармаларды өңдеу	тонна	300
91	ет (қой, сиыр, жылқы, шошқа еті)	тонна	150

»;

реттік нөмірлері 92, 93-жол алып тасталсын;

реттік нөмірлері 94, 95-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

94	тауық (жартылай тазартылған)	тонна	20
95	тауық жұмыртқасы	дана	1000000

»;

реттік нөмірлері 97, 98, 99-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

97	тұздалған балық	тонна	30
98	басы жоқ мұздатылған балық (балық өңдеу)	тонна	100
99	тазартылған және тазартылмаған өсімдік майы (мақсары, күнбағыс, мақта)	тонна	300

»;

реттік нөмірі 110-жол алып тасталсын;

реттік нөмірлері 111, 112, 113, 114, 115-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

111	үстел (бір, екі тумбалы, компьютерге арналған, кітапша, парта)	дана	10000
112	киімге арналған шкаф	дана	10000
113	қағазға және кітаптарға арналған шкаф	дана	5000
114	ыдысқа арналған шкаф	дана	5000
115	жұмсақ, жартылай жұмсақ орындық	дана	5000

»;

реттік нөмірі 119-жол мынадай редакцияда жазылсын;

«

119	қабырға киім ілгіші	дана	5000

»;

реттік нөмірлері 133, 135, 161, 173-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірлері 174, 175, 176, 177, 178-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

174	реконструкциялау, күрделі, ағымдағы жөндеу қылмыстық-атқару жүйесі үшін	мың теңге	қаржыландыру шеңберінде
175	жылу энергиясын өндіру	мың теңге	2000000
176	электр энергиясын жеткізу	мың теңге	100000
177	сумен жабдықтау	мың теңге	200000
178	сарқынды суларды тасымалдау	мың теңге	100000

»;

реттік нөмірлері 181, 183, 185-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірі 188-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

188	сотталғандарды, күдіктілер мен айыпталушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру	мың теңге	қаржыландыру шеңберінде, тамақтандыру нормаларына сәйкес

»;

реттік нөмірі 189-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 190-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

190	абаттандыру (кіші сәулет нысандары)	мың теңге	50000

»;

реттік нөмірлері 191, 192-жолдар алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А. МАМИН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 21 мамыр №302 Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., № 87-88, 631-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 3-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2019 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А. МАМИН

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 мамырдағы №302 қаулысына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген 2-қосымша

Азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) функционалдық блоктар бойынша лауазымдық айлықақыларын есептеуге арналған коэффициенттер

А блогы - басқарушы персонал									
Буын	Саты	Жылдарға есептегенде, мамандық бойынша жұмыс өтілі							
		0–3	3–6	6–9	9–12	12–16	16–20	20–25	25 жылдан жоғары
А1	1	6,42	6,60	6,79	6,97	7,17	7,37	7,58	7,79
	1–1	6,11	6,28	6,46	6,63	6,82	7,01	7,21	7,40
	2	5,73	5,90	6,06	6,23	6,40	6,58	6,77	6,95
	2–1	5,43	5,60	5,75	5,92	6,08	6,25	6,42	6,60
	3	5,13	5,27	5,41	5,57	5,72	5,89	6,05	6,22
	3–1	4,86	5,01	5,15	5,29	5,43	5,59	5,74	5,91
	4	4,65	4,75	4,90	5,03	5,17	5,31	5,47	5,62
А2	1	5,84	6,01	6,17	6,35	6,52	6,71	6,90	7,10
	1–1	5,52	5,70	5,86	6,03	6,19	6,37	6,55	6,73
	2	5,23	5,36	5,51	5,67	5,82	5,98	6,15	6,33
	2–1	5,00	5,14	5,28	5,43	5,58	5,74	5,89	6,06
	3	4,75	4,88	5,02	5,16	5,31	5,45	5,61	5,77
	3–1	4,54	4,68	4,81	4,95	5,09	5,23	5,38	5,53
	4	4,44	4,57	4,70	4,83	4,96	5,10	5,24	5,39
А3	1	5,29	5,47	5,62	5,78	5,94	6,11	6,28	6,46
	1–1	5,05	5,19	5,34	5,49	5,64	5,80	5,96	6,13
	2	4,93	5,05	5,19	5,34	5,48	5,63	5,79	5,95
	2–1	4,70	4,83	4,97	5,11	5,24	5,39	5,54	5,69
	3	4,58	4,69	4,80	4,91	5,03	5,15	5,27	5,40
	3–1	4,39	4,51	4,64	4,78	4,91	5,04	5,18	5,33
	4	4,34	4,46	4,57	4,69	4,81	4,94	5,06	5,19

В блогы – негізгі персонал												
Буын	Саты	Жылдарға есептегенде, мамандық бойынша жұмыс өтілі										
		0–1	1–2	2–3	3–5	5–7	7–10	10–13	13– 16	16–20	20– 25	25 жылдан жоғары
В1	1	5,60	5,71	5,82	5,93	6,04	6,15	6,27	6,39	6,51	6,63	6,75
	2	5,09	5,19	5,29	5,39	5,49	5,59	5,70	5,81	5,92	6,03	6,14
	3	4,63	4,72	4,81	4,90	4,98	5,08	5,18	5,28	5,38	5,48	5,58
	4	4,40	4,49	4,57	4,66	4,75	4,84	4,93	5,03	5,12	5,21	5,31
	5	4,28	4,37	4,45	4,53	4,62	4,70	4,79	4,87	4,97	5,06	5,16
«Білім беру» саласында												
В2	1	4,67	4,74	4,81	4,88	4,95	5,01	5,08	5,16	5,24	5,32	5,41
	2	4,39	4,50	4,57	4,65	4,72	4,79	4,86	4,95	5,03	5,12	5,20
	3	4,36	4,44	4,51	4,59	4,66	4,74	4,81	4,90	4,99	5,08	5,16
	4	4,10	4,14	4,19	4,23	4,27	4,33	4,38	4,49	4,59	4,67	4,73
В3	1	4,13	4,18	4,24	4,29	4,36	4,42	4,49	4,55	4,62	4,69	4,75
	2	3,85	3,91	3,97	4,03	4,09	4,16	4,23	4,30	4,37	4,44	4,51
	3	3,82	3,88	3,94	4,00	4,07	4,14	4,21	4,28	4,36	4,43	4,50
	4	3,52	3,58	3,64	3,71	3,78	3,85	3,94	4,00	4,06	4,12	4,19
В4	1	3,95	3,99	4,05	4,11	4,16	4,22	4,28	4,34	4,40	4,45	4,52
	2	3,73	3,79	3,85	3,92	3,97	4,04	4,10	4,17	4,25	4,32	4,39
	3	3,67	3,73	3,79	3,85	3,91	3,97	4,03	4,09	4,16	4,22	4,29
	4	3,32	3,36	3,41	3,45	3,49	3,53	3,57	3,61	3,65	3,69	3,73
«Денсаулық сақтау» саласында												
В2	1	5,26	5,32	5,39	5,46	5,53	5,60	5,67	5,75	5,83	5,91	5,99
	2	4,78	4,85	4,92	4,99	5,06	5,14	5,21	5,29	5,38	5,46	5,54
	3	4,66	4,74	4,81	4,89	4,96	5,04	5,11	5,20	5,29	5,38	5,46
	4	4,13	4,17	4,21	4,26	4,30	4,35	4,40	4,51	4,61	4,70	4,77
В3	1	4,90	4,96	5,01	5,07	5,14	5,21	5,28	5,35	5,42	5,49	5,55
	2	4,22	4,28	4,34	4,39	4,46	4,53	4,60	4,67	4,74	4,81	4,88
	3	4,10	4,16	4,22	4,28	4,36	4,43	4,50	4,57	4,64	4,72	4,79
	4	3,52	3,58	3,64	3,71	3,78	3,85	3,94	4,00	4,06	4,12	4,19
В4	1	3,96	4,01	4,06	4,10	4,16	4,22	4,28	4,34	4,40	4,46	4,53
	2	3,75	3,81	3,88	3,94	3,99	4,06	4,12	4,19	4,26	4,34	4,41
	3	3,69	3,76	3,80	3,86	3,92	3,98	4,04	4,10	4,16	4,22	4,29
	4	3,32	3,36	3,41	3,45	3,49	3,53	3,57	3,61	3,65	3,69	3,73
Өзге де салалар												
В2	1	4,58	4,65	4,72	4,80	4,87	4,94	5,02	5,10	5,19	5,28	5,36
	2	4,36	4,44	4,52	4,60	4,67	4,75	4,83	4,92	5,00	5,09	5,18
	3	4,26	4,34	4,42	4,49	4,57	4,65	4,72	4,81	4,90	4,99	5,08
	4	4,10	4,14	4,19	4,23	4,27	4,33	4,38	4,49	4,59	4,67	4,73
В3	1	3,99	4,05	4,11	4,17	4,23	4,29	4,35	4,42	4,49	4,56	4,64
	2	3,72	3,78	3,84	3,91	3,97	4,03	4,10	4,16	4,24	4,31	4,39
	3	3,63	3,70	3,76	3,83	3,89	3,95	4,02	4,08	4,16	4,21	4,29
	4	3,32	3,36	3,41	3,45	3,49	3,53	3,57	3,61	3,65	3,69	3,73
С блогы – әкімшілік персонал												
С1		4,24	4,34	4,44	4,54	4,64	4,75	4,86	4,98	5,09	5,18	5,31
С2		4,10	4,14	4,19	4,23	4,27	4,43	4,46	4,51	4,61	4,71	4,83
С3		3,31	3,35	3,39	3,43	3,46	3,50	3,54	3,57	3,61	3,65	3,68
D блогы – қосалқы персонал												
D		2,94	2,98	3,01	3,04	3,08	3,12	3,16	3,19	3,22	3,25	3,29

Ескертпе:

1. Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының лауазымдық айлықақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициент мамандығы бойынша «бір жылға дейін» жұмыс өтілі болған кезде тиісті лауазым санатына сәйкес келетін коэффициент деңгейінде белгіленеді.

2. «Білім беру», «Денсаулық сақтау» салаларындағы негізгі персоналдың лауазымдық айлықақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер қызметтің басқа салаларында тиісті лауазымдарды атқаратын және мамандығы бойынша жұмыстарды орындайтын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеу кезінде қолданылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 мамырдағы №302 қаулысына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген 3-қосымша

Жұмысшылардың лауазымдық айлықақыларын (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер

Біліктілік разряды	Коэффициент
1	*2*
8	3,06
7	2,99
6	2,96
5	2,92
4	2,89
3	2,84
2	2,81
1	2,77

Ескертпе:

Орындалатын жұмыстарды белгілі бір күрделілікке жатқызу және жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүргізіледі.

Азаматтық қызметшілердің құрамына білікті жұмысшылар кіреді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 6 мамыр №11-1-4/201 Нұр-Сұлтан қаласы

Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 08-1-1-1/114 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы №1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы Ереженің 16-тармағы 48) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі №08-1-1-1/114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 8438 болып тіркелген, 2013 жылы 19 мауысымдағы №207-208 (27481-27482) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында республикалық бюджетте «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша көзделген қаражатты пайдалану қағидаларын бекіту»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында республикалық бюджетте «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша көзделген қаражатты пайдалану қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында республикалық бюджетте «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге іссапарға жіберу мақсатында республикалық бюджетте «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және физикалық қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі бойынша көзделген қаражатты пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) республикалық бюджетте «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси әрекеттерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» мен «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162-ерекшелігі, бойынша осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген шет елге жіберілетін адамдарды іссапарға жіберу үшін көзделген қаражатты пайдалану тәртібін белгілейді.»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер» мен «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162 ерекшелігінің («Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы) әкімшісі ретінде мынадай адамдарды шетелге іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды (бұдан әрі – іссапар шығысы) төлеуге арналған қаражатты пайдалану туралы шешімдер қабылдайды:

республикалық бюджет есебінен ұсталатын лауазымды адамдар (бұдан әрі – лауазымды адамдар);

Қазақстан Республикасы Президентінің жұбайы;

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының жұбайы;

Халықаралық Еңбек Ұйымы Бас конференциясының жыл сайынғы сессияларына қатысатын Қазақстан Республикасының делегациялары;

Қазақстан Республикасынан Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның (Еуропалық Кеңестің Венеция комиссиясы) мүшесі;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сыртқы істер министрлігі республикалық бюджетте кезекті қаржы жылына «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы және «Сыртқы саяси қызметтерді үйлестіру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау» және «Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету» бағдарламаларының 162 ерекшелігі («Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы) бойынша іссапар шығыстарын төлеуге:

1) мемлекеттік органдардың Сыртқы істер министрлігіне берген жазбаша өтініші негізінде лауазымды адамдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің жұбайына, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының жұбайына, Халықаралық Еңбек Ұйымы Бас конференциясының жыл сайынғы сессияларына қатысатын Қазақстан Республикасы делегацияларының мүшелеріне, Қазақстан Республикасынан Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның (Еуропалық Кеңестің Венеция комиссиясы) мүшесіне;

2) іссапарға жіберу туралы қабылданған шешім негізінде Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің қызметкерлеріне қаражат бөлу жүзеге асырылады.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының делегациясы шетелге жол жүрген кезде, Сыртқы істер министрлігі тиісті мемлекеттік органның жазбаша өтініші мен арнайы рейстерді орындайтын авиатасымалдаушымен қол қойылған көрсетілген қызметтер актісі негізінде авиатасымалдаушының есеп айырысу шотына қаражат аудару арқылы арнайы рейстерді орындау жөніндегі қызметтерді төлейді.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қазақстан Республикасының делегациясы шетелге жол жүрген кезде арнайы рейстерді орындау жөніндегі қызметтерді қоспағанда, Сыртқы істер министрлігі іссапар шығыстарын төлеуге арналған қаражатты бөлу туралы келіп түскен өтінішті:

1) ағымдағы жылы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде тиісті мемлекеттік органның қатысуымен жоспарланған іс-шараларды;

2) ағымдағы жылға арналған республикалық бюджетте көзделген бюджет қара жатының көлемін;

3) мемлекеттік орган ұсынатын іс-шараға қатысудың сыртқы саяси орындылығын ескере отырып қарастырады.

Өтінішті қараудың қорытындылары бойынша Сыртқы істер министрлігі бес жұмыс күні ішінде іссапар шығыстарын төлеуге қаражат бөлу туралы шешім қабылдайды.

Іссапар шығыстарына қаражат беру іссапарға жіберілген адамды ресімдегеннен кейін бес жұмыс күні ішінде төлем карточкасына аудару арқылы не мемлекеттік органның сұрау салуы бойынша Сыртқы істер министрлігінің кассасынан іссапарға жіберілген адамды ресімдеген күні қолма-қол ақша қаражатымен жүргізіледі.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Қаражат бөлу туралы қабылданған шешім негізінде Сыртқы істер министрлігі қолма-қол шетел валютасын алу үшін Сыртқы істер министрлігінің қызметкеріне Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қазынашылық департаментінде ресімдеуге арналған сенімхат береді.

Сенімхат бір жұмыс күні мерзіміне беріледі, оған Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысы және бас бухгалтері қол қояды.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қазынашылық департаменті Сыртқы істер министрлігінің сенімхатында көрсетілген уәкілетті адамға бір жұмыс күні мерзіміне Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалында қолма-қол шетел валютасын алуға сенімхат береді.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалы Сыртқы істер министрлігінің уәкілетті адамына Сыртқы істер министрлігінің хатында көрсетілген, мәлімделген сомаға сәйкес қолма-қол шетел валютасын береді. Сыртқы істер министрлігінің хаты еркін нысанда жасалады және қолма-қол шетел валютасын алудың жоспарланған күніне дейін 2 жұмыс күні бұрын Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалына ұсынылады.

Сыртқы істер министрлігі өзінің кассасында сенімхат бойынша алған қолма-қол шетел валютасын қаржыландырудың бекітілген айлық жоспарының шегінде сақтайды. Сыртқы істер министрлігінің кассасындағы қолма-қол шетел валютасының күн сайынғы лимиті ағымдағы айға арналған қаржыландыру жоспарында көзделген сомадан аспауы тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 14-1 тармақпен толықтырылсын:

«14-1. Іссапарға жіберілген тұлғалармен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды жүзеге асыру үшін Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған өзінің шотынан екінші деңгейдегі банктегі өзінің валюталық шотына шетел валютасында ақша аударуға арналған өтінішті бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ереженің 74-қосымшасына сәйкес нысан бойынша нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қазынашылық департаментіне береді.

Екінші деңгейдегі банкте операциялық күннің соңындағы валюталық шоттағы күн сайынғы қалдық сомасының ұлттық валютадағы баламасы ағымдағы айға арналған тиісті ерекшелік бойынша қаржыландыру жоспарында көзделген соманың 20 (жиырма) пайыздан аспауы тиіс.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Сыртқы істер министрлігі іссапар шығыстарын төлеуге бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын, сондай-ақ кассадағы қолма-қол шетел валютасы қалдығы мен екінші деңгейдегі банктердегі валюталық шоттардағы күн сайынғы қалдық лимиттерінің сақталуын қамтамасыз етеді.»;

16-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тұрғын үй-жайды жалға алу жөніндегі, оның ішінде межелі пунктке кірер алдындағы келу пункттердегі шығыстарға;:

егер іссапарға жіберілген адамның тұрғын үй-жайды жалдауы межелі пунктке кірер алдында келу пунктінде күндізгі уақытта 8 (сегіз) сағаттан артық және түнгі уақытта 6 (алты) сағаттан артық межелі пунктке шығуды күткен кезде жүзеге асырылса;

егер іссапарға жіберілген адамның келуі немесе кетуі қызметтік қажеттілік бойынша белгіленген есептік сағатқа дейін не есептік сағаттан кейін жүзеге асырылса;

тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар осы Қағиданың 24-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынған кезде өтеледі және қаулымен бекітілген нормадан аспауы тиіс:»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) валютаны айырбастағаны үшін комиссиялық алымдарға, валюта айырбастаудан бағамдық айырмашылық;»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Нұр-Сұлтан қаласында шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі немесе визаны ресімдеуге уәкілетті консулдық мекемесі болмаған жағдайда түбіртекке немесе чекке сәйкес визаны ресімдеу үшін сервистік алымдарға;»;

8) тармақшаның екінші бөлігі алынып тасталсын;»;

8) тармақшаның үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Іссапар шығындары қаулымен бекітілген нормаларға сәйкес өтеледі. Қонақүйде тұру шығыстары нақты шығындар бойынша төленетін адамдарға белгіленген нормалардан асып кеткен жағдайда, растайтын құжаттарды ұсынған кезде өтеу жүргізіледі.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Іссапарға жіберілген адамдар шетелге іссапарға жол жүрген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн және Қазақстан Республикасына қайтқан кезде Қазақстан Республикасына келер алдында шет мемлекеттің Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн іссапар мерзіміне қосылады.

Іссапарға жіберілген адамның шетелге жол жүруі кезінде және Қазақстан Республикасына қайтып келген кезде 24 (жиырма төрт) сағаттан асатын маршрутты қоспағанда, жолда болу уақыты іс-шараға дейін бір күннен және одан кейін бір күннен аспауы тиіс.»;

24-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) келу пунктіне кірер алдындағы келу пункттерінде тұрғын үй-жайды жалға алғаны үшін күндізгі уақытта 8 (сегіз) сағаттан астам және түнгі уақытта 6 (алты) сағаттан астам уақыт күткен кезде, сондай-ақ іссапарға жіберілген адам қызметтік қажеттілігіне қарай белгіленген есептік сағатқа дейін не есептік сағаттан кейін келген не кеткен жағдайларда тіркелген уақыты мен күні көрсетілген құжаттар (шот-жүкқұжат, қонақ үй шоты, инвойс, фискалдық чек).»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Іссапар шығыстарын төлеуге бөлінген пайдаланылмаған қаражаттың қалдығын іссапарға жіберілген немесе есеп беруші адам іссапар мерзімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Сыртқы істер министрлігінің кассасына немесе Сыртқы істер министрлігінің екінші деңгейдегі банктегі валюталық шотына қайтаруы тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 25-1 тармақпен толықтырылсын:

«25-1. Сыртқы істер министрлігінің екінші деңгейдегі банктердегі валюталық шоттарындағы қаржы жылының соңындағы ақша қаражатының қалдықтарын кейіннен шетел валютасына қайта айырбастай отырып және бюджет ақшасы есебінен операциялар жүргізілген кодқа жүргізілген кассалық шығыстарды қалпына келтіре отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда Сыртқы істер министрлігінің шетел валютасындағы шоттарына қайтарылуға жатады.».

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Валюта-қаржы департаменті:

осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыру;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Құқықтық сараптама басқармасына ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер Министрі Б. АТАМҚҰЛОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
_____
_____

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық банк
_____
_____

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18649 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

2019 жылғы 11 қаңтар №6 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ

2019 жылғы 11 қаңтар №4 Астана қаласы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

«Өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парағын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1138 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 819 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 93-нөмірде)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Салыстыру кезінде анықталған Еуразиялық экономикалық одақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері берген фитосанитариялық және карантиндік сертификаттардың берілгені туралы ақпаратты жете тексеру үшін уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келгендігі туралы кез келген қолжетімді әдіспен хабардар ету немесе оны ұсыну (уақытылы ұсыну)				
2.	Бақылау және қадағалау субъектісінің карантинге жатқызылған объектілерінде, жеке меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы жер учаскелерінде (алқаптарында) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болмауы				
3.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатының болуы				
4.	Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына фитосанитариялық сертификаттың болуы				
5.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына кері экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің кері экспорттау фитосанитариялық сертификатының болуы				
6.	Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының карантиндік сертификатының болуы				
7.	Карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою іс-шараларын жүргізу				
8.	Қазақстан Республикасына карантинге жатқызылған өнімді әкелуге тыйым салуларды немесе шектеулерді бұзуға жол бермеу				
9.	Қазақстан Республикасының аумағына және мемлекет ішіндегі тасымалдау кезінде карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ақ көлік құралдарын әкелуге жол бермеу				
10.	Карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді өткізуге жол бермеу				
11.	Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің келісім-хатының болуы				
12.	Зертханалардың (жылыжайлардың) басқа ғимараттардан және сырта өсетін өсімдіктерден карантиндік объектілерді оқшаулау шарттарына сәйкес оқшауландыру				
13.	Зертханаларда (жылыжайларда) саңылауларсыз тұтас қабырғалардың (оның ішінде кәріз және су құбырларының айналасында) және эксперименттер жүргізуге арналған герметикалық үстелдердің және едендердің, сондай-ақ ауа өткізбейтін есіктердің (оқшаулайтын орнатқышпен) және терезелердің (оқшаулауда ұсталынатын организмдерге сәйкес келетін ұяшықтар өлшеміндегі тормен жабдықталған) болуы				
14.	Зертханаларда (жылыжайларда) герметикалық су құбырларының, кәріздің және мәжбүрлеп желдетудің болуы				
15.	Киім ауыстыруға арналған бөлменің болуы				
16.	Арнайы жеке костюмдердің, аяқ-киім және бас киімдердің болуы				
17.	Торлар ұяшықтарының өлшемдеріне сәйкес тығыз жабылатын шарбақтардың болуы (кіріктірілген жеңдердің көмегімен жұмыс)				
18.	Жұмыс орнында залалсыздандыруға арналған жабдықтардың (төменгі температуралы тоңазытқыштар, автоклавтар, құрғақ ыстық шкафтар) болуы				
19.	Микробиологиялық зерттеулерге арналған бокстың болуы				
20.	Тамбурларда ультракүлгін сәулелегіштердің болуы				
21.	Тамбурларда жәндіктерге арналған феромондық немесе жабысқыш аулағыштардың болуы				
22.	Оқшаулау орындарында қол жуғыш немесе бір жолғы қолғаптардың, сондай-ақ оқшаулау орындарымен жапсарлас немесе оның ішінде душтың болуы				
23.	Шектеулі рұқсатты білдіретін тиісті белгілердің болуы				
24.	Оқшаулау орындарында рәсімдерді арнайы тіркеу журналының болуы				
25.	Карантинге жатқызылған өнімнің жүретін жолы немесе межелі пункті өзгерген жағдайда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі рұқсатының болуы				

Лауазымды тұлға (лар)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы №6 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 4 бірлескен бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №15-05/1138 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №819 бірлескен бұйрығына 3-қосымша

Өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парағы

ағаштан жасалған буып-түю материалын таңбалауды және залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

_____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

_____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

_____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

_____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Салыстыру кезінде анықталған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері берген фитосанитариялық және карантиндік сертификаттардың берілгені туралы ақпаратты жете тексеру үшін уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келгендігі туралы кез келген қолжетімді әдіспен хабардар ету немесе оны ұсыну (уақытылы ұсыну)				
2.	Залалсыздандырылған ағаштан жасалған буып-түю материалында карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болмауы				
3.	Бақылау және қадағалау субъектісінің карантинге жатқызылған объектілерінде, жеке меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы жер учаскелерінде (алқаптарында) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болмауы				
4.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатының болуы				
5.	Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына фитосанитариялық сертификаттың болуы				
6.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына кері экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің кері экспорттау фитосанитариялық сертификатының болуы				
7.	Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының карантиндік сертификатының болуы				
8.	Карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою іс-шараларын жүргізу				
9.	Қазақстан Республикасына карантинге жатқызылған өнімді әкелуге тыйым салуларды немесе шектеулерді бұзуға жол бермеу				
10.	Қазақстан Республикасының аумағына және мемлекет ішіндегі тасымалдау кезінде карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ақ көлік құралдарын әкелуге жол бермеу				
11.	Карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді өткізуге жол бермеу				
12.	Ағаштың терең бөліктерінің 30 минут бойы плюс 56 °С төмен емес температураға дейін қызуын қамтамасыз ететін кептіруге арналған камераның болуы				
13.	Зиянды организмдермен, карантиндік объектілермен залалданған ағашты не ағаштан жасалған буып-түю материалын, ағаш және қабықтың қалдықтарын жоюға арналған пештің немесе жабдықтардың болуы				
14.	Өңдеу басталғаннан кейін 30 минут ішінде қызудың ағаштың барлық қалыңдығы бойынша (бетін қоса алғанда) 1 минут ішінде үздіксіз плюс 60 °С ең төменгі температураға дейін жетуін қамтамасыз ететін жабдықтың болуы (ең аз габаритті, 20 см аспайтын ағаштан жасалған буып-түю материалы үшін)				
15.	Қалыңдығы 5 см-ден аспайтын ағаш үшін 2,45 ГГц жиілігімен біркелкі диэлектрлік қызуды қамтамасыз ететін микротолқынды энергияны бөлуге арналған екі жақты жылытқыштары немесе бірнеше толқын жолдары бар жабдықтардың болуы				
16.	Ағаштан жасалған буып-түю материалын фумигация әдісімен залалсыздандырудың технологиялық схемаларын орындауды қамтамасыз ететін ағаштан жасалған буып-түю материалын фумигация әдісімен залалсыздандыруды жүзеге асыруға арналған жабдықтың болуы				
17.	Карантинге жатқызылған өнімді сақтау немесе өңдеу жүзеге асырылатын қоймалық үй-жайларға жыл сайынғы профилактикалық залалсыздандыруды жүргізу				
18.	Карантинге жатқызылған өнімде таңбалаудың болуы				
19.	Карантинге жатқызылған өнімнің жүретін жолы немесе межелі пункті өзгерген жағдайда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің рұқсатының болуы				
20.	Карантиндік объектілер таралған аймақта дайындалған карантинге жатқызылған өнімді карантиндік объектілерден таза аймақта дайындалған карантинге жатқызылған өніммен бірге сақтауға және тазалауға жол бермеу				
21.	Қоймалық үй-жайдың болуы				
22.	Ағаштан жасалған буып-түю материалдарын залалсыздандыруды және таңбалауды жүзеге асыратын персоналдың біліктілігін растайтын құжаттардың болуы				
23.	Залалсыздандыру бойынша жүргізілген жұмыс көлемін тіркеу журналының болуы (ағаштан жасалған буып-түю материалын кептіру және залалсыздандыру хаттамаларымен және кемінде 3 жыл сақталатын графиктермен бірге)				
24.	Мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өлшем құралдарын салыстырып тексеруді растайтын құжаттардың болуы				
25.	Камераның төменгі бөлігінде біркелкі орналасқан, көрсеткіштері ағаштан жасалған буып-түю материалын кептіру және залалсыздандыру хаттамасында, сондай-ақ ағаштан жасалған буып-түю материалына жүргізілген термоөңдеу графигінде көрсетілетін кемінде 4 термодатчиктің болуы				
26.	Залалсыздандырылған ағаштан жасалған буып-түю материалдарын және залалсыздандырудан өтпеген материалдарды бөлек сақтауға арналған үй-жайдың болуы				
27.	Кептіру хаттамаларымен және графиктермен бірге залалсыздандыру бойынша жүргізілген жұмыс көлемін тіркеу журналының болуы				
28.	Өңделетін ағаштың ішіндегі және бетіндегі температураны талдау үшін кемінде 2 температуралық датчиктің болуы				
29.	Ағаштан жасалған буып-түю материалының өндірісі орналасқан және оны залалсыздандыру жүргізілетін аумақ қоршалуы, ағаш қалдықтары мен қабығынан таза болуы тиіс, қатты жабыны және кірме жолдары болуы тиіс				
30.	Қалдықтарды жоя отырып, карантинге жатқызылған импорттық өнімді, сондай-ақ карантиндік аймақтардан әкелінген карантинге жатқызылған өнімді тасымалдағаннан кейін көлік құралдарын тазартуды жүргізу				

Лауазымды тұлға (лар)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 6 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 4 бірлескен бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1138 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №819 бірлескен бұйрығына 4-қосымша

Өсімдіктер карантині саласындағы тексеру парағы

карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған (ластанған) фитосанитарлық тәуекелі жоғары және төмен карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

_____

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

_____

Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі)_____

_____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

_____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Салыстыру кезінде анықталған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері берген фитосанитариялық және карантиндік сертификаттардың берілгені туралы ақпаратты жете тексеру үшін уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келгендігі туралы кез келген қолжетімді әдіспен хабардар ету немесе оны ұсыну (уақытылы ұсыну)				
2.	Залалсыздандырылған карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болмауы				
3.	Бақылау және қадағалау субъектісінің карантинге жатқызылған объектілерінде, жеке меншігіндегі және (немесе) жер пайдалануындағы жер учаскелерінде (алқаптарында) карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің болмауы				
4.	Қазақстан Республикасына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатының болуы				
5.	Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына фитосанитариялық сертификаттың болуы				
6.	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнім партиясына кері экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің кері экспорттау фитосанитариялық сертификатының болуы				
7.	Фитосанитариялық тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының карантиндік сертификатының болуы				
8.	Карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою іс-шараларын жүргізу				
9.	Қазақстан Республикасына карантинге жатқызылған өнімді әкелуге тыйым салуларды немесе шектеулерді бұзуға жол бермеу				
10.	Қазақстан Республикасының аумағына және мемлекет ішіндегі тасымалдау кезінде карантиндік объектілермен және (немесе) бөтен текті түрлермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ақ көлік құралдарын әкелуге жол бермеу				
11.	Карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді өткізуге жол бермеу				
12.	Карантинге жатқызылған өнімді сақтау немесе өңдеу жүзеге асырылатын қоймалық үй-жайларға жыл сайынғы профилактикалық залалсыздандыруды жүргізу				
13.	Карантинге жатқызылған өнімнің жүретін жолы немесе межелі пункті өзгерген жағдайда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі рұқсатының болуы				
14.	Қатты жабыны бар түсіру алаңының болуы				
15.	Қоймалық үй-жайдың болуы				
16.	Қалдықтарды жоя отырып, карантинге жатқызылған импорттық өнімді, сондай-ақ карантиндік аймақтардан әкелінген карантинге жатқызылған өнімді тасымалдағаннан кейін көлік құралдарын тазартуды жүргізу				

Лауазымды тұлға (лар)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18302 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

2019 жылғы 11 қаңтар №7 Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ

2019 жылғы 11 қаңтар №5 Астана қаласы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

«Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 821 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. «Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 821 бірлескен бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12744 болып тіркелген, 2016 жылғы 3 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы»;

көрсетілген бірлескен бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің өмір сүру орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынатын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, тиісті жағдайда ұстауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтарын жүргізуді жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.»;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 2-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес 7-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес 8-қосымшамен толықтырылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес 9-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның қазақша және орысша тілдерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі _____ Ө.ШӨКЕЕВ

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі _____ Т.СҰЛЕЙМЕНОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы №7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы №5 бірлескен бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №821 бірлескен бұйрығына 1-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының «Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына және тексеру парақтарына сәйкес бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде субъектілерді іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

болмашы бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану және сақтау кезіндегі жұмыстардың құжаттамалық есебінің (мөртабанмен бекемделген және басшының қолы қойылған, тігілген және нөмірленген пестицидтердің (улы химикаттардың) кіріс-шығыс кітабының) болмауы түріндегі бұзу;

елеулі бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану және сақтау, пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналда жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болмауы, сондай-ақ қарастыру бойынша өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісіне әкімшілік жауапкершілікке тартпай, Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша нұсқама берілген шағымның болуы түріндегі бұзу;

(Жалғасы 16-бетте)

(Жалғасы. Басы 15-бетте)

тәуекел – зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуы, адамдардың және жануарлардың жаппай улануы, ауыл шаруашылығы егістіктеріне пестицидтермен (улы химикаттармен) химиялық өңдеу жүргізу кезінде егістіктердің жойылуы, пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау немесе қолдану кезіндегі апаттың нәтижесінде топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануы, пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру шарттарының бұзылуы кезінде жануарлар әлемі объектілері санының азаюы және олардың өмір сүру ортасының нашарлауы түрінде келтірілген адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру ықтималдығы;

тәуекелді бағалау жүйесі – өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланысты емес бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – қолайлы фитосанитариялық жағдайды қамтамасыз ету үшін зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына жол бермеу мақсатында фитосанитариялық мониторингті және фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу бойынша, пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау және аэрозольдік, фумигациялық, авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану, пестицидтерді (улы химикаттарды) піркеу және өндірістік сынақтар жүргізу, сондай-ақ пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру, фитосанитариялық есептілікті ұсыну, сол сияқты уақытылы ұсыну бойынша бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

тексеру парағы – өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі;

өрескел бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау, химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке алып келетін, зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу, фитосанитариялық есептілікті өсімдіктерді қорғау саласындағы нысандар және мерзімдер бойынша ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау, зиянды организмдердің саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары болатындай олардың дамуы мен таралуына әкеп соққан фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу, пестицидтерді (улы химикаттарды) зарарсыздандырудың жүргізілмеуі, пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру үшін арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) болмауы, пестицидтерді (улы химикаттарды) берушілер (өндірушілер, импорттаушылар, сатушылар) әзірлеген және ұсынатын, жарамсыз болып қалған пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру әдістері мен технологияларының болмауы, қауіптілігі бірінші сыныпты, мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз болып қалған пестицидтерді (улы химикаттарды) қанағаттандырусыздықты қамтамасыз етпейтін және қоршаған ортаның пестицидтермен (улы химикаттармен) ластану мүмкіндігін жоққа шығармайтын ыдыстарда сақтау, қауіптілігі екінші сыныпты пестицидтерді (улы химикаттарды) қажет болған кезде полимер материалдардан жасалған арнайы қалташалары жоқ көп қабатты ыдысқа (пестицидтің (улы химикаттың) ерекшелігіне қарай) буып-түю, бүтіндігі бұзылған қаптамадағы пестицидтерді (улы химикаттарды) қайта буып-түю, пестицидтердің (улы химикаттардың) қағаз немесе ағаш ыдыстарын жағып жіберу жолымен жою үшін экологиялық бақылау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы жөніндегі мемлекеттік органдар заңнамаға сәйкес айқындаған орындарда жағылатын қоспалардың ұйытты емес (қауіпті емес) заттарға айналғанға дейін ыдырауын қамтамасыз ететін жоғары температуралық қондырғылардың болмауы, тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын тиеуге, тасымалдауға және түсіруге арналған механикаландыру құралдарының болмауы, арнайы сақтау қоймаларын (көмінділерді) салу бойынша шаралар қабылдамау түріндегі бұзу.

3. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізуге арналған өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

5. Ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын пестицидтер қоршаған табиғи ортаға, адам өмірі мен денсаулығына және жануарларға қатер төндіретін әлеуетті қауіпті химиялық заттар болып табылады.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалауға сәйкес бақылау субъектісі қызметінің нәтижесінде адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне ең көп зиян келтіру ықтималдығы, оның ықтимал кері салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып, қызметі пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануға, сақтауға және залалсыздандыруға байланысты бақылау субъектісі тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

6. Өсімдіктерді қорғау саласындағы ең көп әлеуетті қоғамдық тәуекелдерді ескере отырып, мынадай бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыратын келесі бақылау субъектісі (объектісі) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылады:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің өмір сүру орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

фитосанитариялық есептілікті ұсынатын бақылау субъектілері;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

пестицидтерді (улы химикаттарды) (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

тыйым салынған және жарамсыз болған пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын залалсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, тиісті жағдайда ұстауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

пестицидтерді (улы химикаттарды) піркеу және өндірістік сынақтарын жүргізуді жүзеге асыратын бақылау субъектілері.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

7. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты субъективті өлшемшарттар қолданылады.

Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректерлер қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелді бағалау.

8. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бақылау субъектісінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы, оның ішінде бақылау субъектісінің аумағында зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде анықталуы, «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген тәртіппен бекітілетін Қазақстан Республикасы аумағына қолдануға рұқсат етілген Пестицидтердің (улы химикаттардың) тізіміне енгізілмеген пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, әкелу, сақтау және қолдану фактілерінің болуы;

4) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың расталған шағымдары мен арыздарының болуы;

5) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар));

6) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нәтижелері;

7) мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

9. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар қалыптастырылады.

Бұл ретте тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қоюдың ескіру мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

10. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың бірлі-жарымды немесе жүйелілігіне, осы Өлшемшарттардың 8-тармағында көрсетілген әрбір ақпарат көздері бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты субъективті өлшемшарттар айқындалады.

Субъективті өлшемшарттар тексеру парақтарында аталған өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың (бұдан әрі – талаптар) негізінде әзірленген, олар үш дәрежеге бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы және осы Өлшемшарттаға қосымшаларда келтірілген.

Өсімдіктерді қорғау саласындағы талаптардың бұзылуын өрескел, елеулі және болмашы дәрежелерге бөлу мынада келтірілді:

1) осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің өмір сүру орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

2) осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынатын бақылау субъектілері үшін;

3) осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

4) осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

5) осы Өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

6) осы Өлшемшарттарға 6-қосымшаға сәйкес тыйым салынған және жарамсыз болған пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

7) осы Өлшемшарттарға 7-қосымшаға сәйкес арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, тиісті жағдайда ұстауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін;

8) осы Өлшемшарттарға 8-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) піркеу және өндірістік сынақтарын жүргізуді жүзеге асыратын бақылау субъектілері үшін.

11. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде, бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші беріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$ΣP_3 = (ΣP_2 \times 100/ΣP_1) \times 0,7$

мұнда:

$ΣP_3$ – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$ΣP_1$ – елеулі бұзушылықтардың жалпы саны;

$ΣP_2$ – анықталған елеулі бұзушылықтар саны;

Болмашы бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$ΣP_н = (ΣP_2 \times 100/ΣP_1) \times 0,3$

мұнда:

$ΣP_н$ – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

$ΣP^н_1$ – болмашы бұзушылықтардың жалпы саны;

$ΣP_2$ - анықталған болмашы бұзушылықтар саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (ΣP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$ΣP = ΣP_3 + ΣP_н$

мұнда:

ΣP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$ΣP_3$ – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$ΣP^н_3$ – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

12. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі:

1) 60-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жатқызылмағанға жатады және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жиілігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау және бағалау нәтижелері бойынша айқындалады және жылына бір реттен жиі емес.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен, тәуекел дәрежесіне жүргізілетін талдау және бағалау нәтижелері бойынша жарты жылға қалыптастырылатын, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізудің жарты жылдық тізімінің негізінде жүргізіледі.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жоғары көрсеткішімен бақылау субъектісінің басымдылығын ескере отырып, жасалады.

Өсімдіктерді қорғау саласындағы әуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1-қосымша

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің өмір сүру орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау субъектісі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынбауы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
1	Бақылау объектілерінде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің тіршілік ету орны болып табылатын экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің болуы	өрескел
2	Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде таралуын болдырмау мақсатында бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторинг жүргізу.	өрескел
3	Бақылау объектілерінде фитосанитариялық іс-шараларды, атап айтқанда зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде таралуына жол бермеу мақсатында химиялық өңдеуді жүргізу.	өрескел
Бақылау субъектісінің кінәсынан туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы		
1	Бақылау субъектісінің аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне енгізілмеген пестицидтерді (улы химикаттарды) бақылау субъектісінің қолдануы расталған фактілердің болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған, адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына, топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануына әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (улы химикаттарды) бақылау субъектісінің қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
3	Бақылау субъектісінің аумағында химиялық өңдеу жүргізу кезінде анықталған, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуына әкелетін, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді (улы химикаттарды) бақылау субъектісінің қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
4	Бақылау субъектісінің аумағында экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде зиянды және аса қауіпті организмдердің анықталуы мен таралуының расталған фактілерінің болуы	өрескел
Расталған шағымдардың және арыздардың болуы және саны		
1	Зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына жол берілген, фитосанитариялық мониторингтің және (немесе) фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізілмеуі туралы бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) арыздың болуы	өрескел
Бақылау объектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
1	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттарды ұсынбау	өрескел
Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдарының талдау нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық мониторингті және (немесе) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу фактілері туралы мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық мониторингті және (немесе) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған расталған мәліметтердің болуы	өрескел
Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
	Бақылау субъектісінің зиянды организмдердің экономикалық зияндылық шегінен жоғары мөлшерде таралуына әкелетін фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеуі анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел
	Бақылау субъектісінің тіркелмеген немесе контрафактілі пестицидтердің (улы химикаттардың) қолданылуы анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 2-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласында заңнамамен бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынуды, сол сияқты уақытылы ұсынуды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

№	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау субъектісі, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтер мониторингісінің нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынбауы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы №7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 5 бірлескен бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №821 бірлескен бұйрығына 4-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге (объектілерге) қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

_____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы_____
Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтің кіші түріне лицензияның болуы				
2	Бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне енгізілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануы				
3	Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізімінде көрсетілген регламенттер мен технологияларға (шығыс нормасына, тәсіліне және өңдеу жиілігіне, шектеулерге) сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану				
4	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану үшін арнайы техниканың болуы				
5	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі арнайы техника үшін пайдаланылатын көлік құралының болуы				
6	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі ұсынымдарының болуы				
7	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы				
8	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспортының болуы				
9	Тіркелушінің (өндірушінің) қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидті (улы химикатты) қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы				
10	Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналдың жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы				
11	Мөртабанмен және басшының қолымен бекемделген, тігілген және нөмірленген пестицидтердің (улы химикаттардың) кіріс-шығыс кітабының болуы				

Лауазымды тұлға (лар)

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау субъектісінің басшысы

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы №7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 5 бірлескен бұйрығына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №821 бірлескен бұйрығына 5-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы

пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілерге (объектілерге) қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

_____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне енгізілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануы				
2	Бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізімінде көрсетілген регламенттер мен технологияларға (шығыс нормасына, тәсіліне және өңдеу жиілігіне, шектеулерге) сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануы				
3	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен қолдану үшін арнайы техниканың болуы				
4	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен қолдану жөніндегі арнайы техникаларды пайдалану үшін көлік құралының болуы болуы				
5	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен қолдану жөніндегі ұсынымдарының болуы				
6	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген авиациялық және (немесе) жерүсті тәсілдерімен қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы				
7	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспортының болуы				
8	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қауіпсіз қолдану шарттарының сақталуы				
9	Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналдың жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы				
10	Мөртабанмен және басшының қолымен бекемделген, тігілген және нөмірленген пестицидтердің (улы химикаттардың) кіріс-шығыс кітабының болуы				

Лауазымды тұлға (лар)

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау субъектісінің басшысы

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 5 бірлескен бұйрығына 6-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №821 бірлескен бұйрығына 6-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы

пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге (объектілерге) қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

_____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қоймалық үй-жайлардың болуы				
2	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі ұсынымдарының болуы				
3	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген қауіпсіз сақтау шарттарының сақталуы				
4	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспортының болуы				
5	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қауіпсіз сақтау шарттарының сақталуы				
6	Пестицидтер (улы химикаттар) сақталынатын ыдыстың заттаңбасында көзделген пестицидтерді (улы химикаттарды) қауіпсіз сақтау шарттарының сақталуы				
7	Қойманың жобалық құжаттамасында көзделген қойманың сыйымдылығынан аспайтын мөлшерде пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау				
8	Өздерінің физикалық-химиялық қасиеттері (ұшпалылығы, тотығуы), өрт қауіптілігі және жарылу қауіптілігі, реакциялық белсенділігі, сақтаудың температуралық режимдері бойынша сәйкес келмейтін пестицидтерді (улы химикаттарды) жеке-жеке сақтау шарттарын сақтау				
9	Қойманың құрғақ сүзгі элементтері бар ағынды және сормалы желдету жбдығының болуы				
10	Сақталатын пестицидтер (улы химикаттар) ыдыстарының затбелгілерінде көрсетілген пестицидтер (улы химикаттар) төгілген жағдайда, оларды бейтараптандыруға арналған қажетті мөлшердегі қатерсіздендіру құралдарының болуы				
11	Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналдың жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы				
12	Мөртабанмен және басшының қолымен бекемделген, тігілген және нөмірленген пестицидтердің (улы химикаттардың) кіріс-шығыс кітабының болуы				

Лауазымды тұлға (лар)

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау субъектісінің басшысы

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы №7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 5 бірлескен бұйрығына 7-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №821 бірлескен бұйрығына 7-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы

пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге (объектілерге) қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

_____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру жөнінде ұсынымдарының болуы				
2	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтерді (улы химикаттарды) зарарсыздандыру жөніндегі ұсынымдарында көрсетілген пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру тәсілдерін сақтау				
3	Тіркелуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспортының болуы				
4	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын зарарсыздандыру тәсілдерін сақтау				
5	Мақсаты бойынша әрі қарай пайдалануға жарамсыз болып қалған қауіптілігі бірінші сыныпты пестицидтерді (улы химикаттарды) герметикалықты қамтамасыз ететін және қоршаған ортаның пестицидтермен (улы химикаттармен) ластануы мүмкіндігін болдырмайтын сыйымдылықтарда сақтау				
6	Қауіптілігі екінші сыныпты пестицидтерді (улы химикаттарды), қажет болған жағдайда арнайы жапсырмасы (пестицидтің (улы химикаттың) ерекшелігіне байланысты) бар полимер материалдарынан жасалған көп қабатты ыдыстарға буып-түю				
7	Меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде тыйым салынған және жармсыз болған пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын тиеу, тасымалдау және түсіру үшін механикаландыру құралдардың болуы				
8	Пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналдың жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы				

Лауазымды тұлға (лар)

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау субъектісінің басшысы

_____ _____ _____
(лауазымы) (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(Соңы 19-бетте)

(Соңы. Басы 15-18-беттерде)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 5 бірлескен бұйрығына 8-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №821 бірлескен бұйрығына 8-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы

арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, тиісті жағдайда ұстауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын бақылау субъектілерге (объектілерге) қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ (№, күні)

Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының пестицидтерді (улы химикаттарды) зарарсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы ресми ақпаратының болуы				
2	Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салу жөнінде ресми ақпаратының болуы				
3	Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) тиісті жағдайда ұстау және күтіп-ұстау жөнінде ресми ақпаратының болуы				

Лауазымды тұлға (лар)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау субъектісінің басшысы

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 5 бірлескен бұйрығына 9-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №821 бірлескен бұйрығына 9-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы

пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтарын жүргізуді жүзеге асыратын бақылау субъектілерге (объектілерге) қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____ (№, күні)

Тексерілетін бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1.	Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтар жүргізу үшін тіркелуші ұсынған сәйкестік сертификаты бар зауыттық орамдағы тәжірибелік үлгілердің және эталондық пестицидтердің (улы химикаттардың) болуы				
2.	Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекіткен пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтар жүргізу жоспарларына сәйкес пестицидтерді (улы химикаттарды) қолданудың тіркелуші мәлімдеген регламенттерін сақтау				
3.	Өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекіткен пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтар жүргізу жоспарларына сәйкес зиянды организмдердің ерекшеліктерін таралу аймағын, экономикалық мәнін, ұрпақ санын, ауру қоздыратын қасиетін, төзімділігін) ескере отырып, дақылдар өсірудің негізгі топырақтық-климаттық аймақтарында пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтар жүргізу				
4.	Орындаушы ұйымдарда зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің болуына фитосанитариялық мониторинг актісінің, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы ұсынатын пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтар жүргізу аймағында зиянды организмдердің болуына зерттеп-қарау бойынша есепке алу нәтижелерінің және мәліметтердің болуы				
5.	Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндірістік сынақтар жүргізу әдістемелері мен мерзімдерін сақтау				
6.	Тіркелушінің (өндірушінің) пестицидтің (улы химикаттың) қауіпсіздік паспортында көрсетілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қауіпсіз қолдану шарттарын сақтау				
7.	Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналдың жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімдерінің болуы				
8.	Мөртабанмен және басшының қолымен бекемделген, тігілген және нөмірленген пестицидтердің (улы химикаттардың) кіріс-шығыс кітабының болуы				

Лауазымды тұлға (лар)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау субъектісінің басшысы

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 16 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18200 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ КОМИТЕТІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 28 наурыз №17-5-6/82 Нұр-Сұлтан қаласы

«Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесуге тыйым салу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының 2015 жылғы 13 тамыздағы № 211 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 13-бабының 18-43) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі №310 қаулысының 17-тармағының 376) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесуге тыйым салу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының 2015 жылғы 13 тамыздағы №211 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12057 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Уран кен орындарын қазып шығаратын және мемлекеттік орман қорының құбыр желісі өтетін жерлерде жаппай кесуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскеліндегі сексеуіл екпелерінде ағаш кесудің барлық түріне 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін тыйым салынсын.».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық ол алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Қ.РЫСКЕЛДИНОВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 29 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18526 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 15 сәуір №148 Нұр-Сұлтан қаласы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 25-02/457 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 25-02/457 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8015 болып тіркелген, 2012 жылғы 27 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 852-856 (27927) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киімді (погонсыз) киіп жүру қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілері»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілері 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-17) тармақшасына сәйкес әзірленді.»;

141-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«141. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының нысанды киіміне осы Үлгілерге 23-қосымшаға сәйкес үлгілер бойынша айырым белгілері тігіледі.»;

1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
1-қосымша»;

2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
2-қосымша»;

3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
3-қосымша»;

4-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
4-қосымша»;

5-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
5-қосымша»;

6-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
6-қосымша»;

7-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
7-қосымша»;

8-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
8-қосымша»;

9-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
9-қосымша»;

10-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
10-қосымша»;

11-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
11-қосымша»;

12-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
12-қосымша»;

13-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
13-қосымша»;

14-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
14-қосымша»;

15-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
15-қосымша»;

16-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
16-қосымша»;

17-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
17-қосымша»;

18-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
18-қосымша»;

19-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
19-қосымша»;

20-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
20-қосымша»;

21-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
21-қосымша»;

22-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
22-қосымша»;

көрсетілген үлгілерге 23-қосымшада:

оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне
23-қосымша»;

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілерінің үлгілері»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы – Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік орман инспекторы»;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киімді (погонсыз) киіп жүру қағидасында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киімді (погонсыз) киіп жүру қағидалары»;

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киімді (погонсыз) киіп жүру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-17) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киіп жүру тәртібін айқындайды.

2. Нысанды киім бұйымдары осы бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киімінің (погонсыз) белгіленген үлгілеріне сай келуі тиіс.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдары үшін салтанатты, күнделікті және далалық нысанды киім белгіленген.

Күнделікті және далалық нысанды киім жазғы және қысқы болып бөлінеді.».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.ОМАРОВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 24 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18566 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 18 сәуір №158 Нұр-Сұлтан қаласы

Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясымен шекаралас аумақтарында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережесінің 16-тармағының 126-1) және 126-2) тармақшаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен және Ресей Федерациясымен шекаралас аумақтарында автомобиль қатынасы шегінде агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын бақылау пункттерінің тізбесі;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен және Ресей Федерациясымен шекаралас аумақтарындағы бақылау пункттерінде автомобиль қатынасы шегінде агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.ОМАРОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі №158 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен және Ресей Федерациясымен шекаралас аумақтарында автомобиль қатынасы шегінде агроөнеркәсіптік кешен өнімдеріне мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын бақылау пункттерінің тізбесі

№	Облыстың атауы	Ауданның атауы	Пункттердің атауы	Бақылау пункттерінің саны
1	2	3	4	5
Ресей Федерациясымен				
1.	Атырау	Құрманғазы	Құрманғазы	2
2.	Ақтөбе	Мәртөк	Жайсаң	2
3.		Қарғалы	Әлімбет	2
4.	Шығыс Қазақстан	Бородулиха	Жезкент	2
5.			Ауыл	2
6.			Байтанат	2
7.		Шемонаиха	Үбе	2

(Соңы 20-бетте)

(Соңы. Басы 19-бетте)

8.	Батыс Қазақстан	Бөрлі	Ақсай	2
9.		Зеленов	Сырым	2
10.		Тасқала	Тасқала	2
11.		Зеленов	Шаған	2
12.		Жәнібек	Жәнібек	2
13.		Бөкейорда	Орда	2
14.	Қостанай	Ұзынкөл	Обаған	2
15.			Ақбалшық	2
16.		Таран	Аят	2
17.		Қарабалық	Қайрақ	2
18.		Жетіқара	Қондыбай	2
19.			Желқуар	2
20.	Солтүстік Қазақстан	Мамлүт	Жаңа Жол	2
21.		М. Жұмабаев	Қарақоға	2
22.		Уәлиханов	Бидайық	2
23.		Қызылжар	Қызыл Жар	2
24.	Павлодар	Ертіс	Амангелді	2
25.		Үспен	Қосақ	2
26.			Найза	2
27.		Шарбақты	Шарбақты	2
28.		Железин	Үрлітөбе	2
Қырғыз Республикасымен				
29.	Жамбыл	Жамбыл	Айша бибі	2
30.		Мерке	Сыпатай батыр	2
31.		Қордай	Қарасу	2
32.		Қордай	Қордай	2

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі №158 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен және Ресей Федерациясымен шекаралас аумақтарындағы бақылау пункттерінде автомобиль қатынасы шегінде агроөнеркәсіптік кешен өнімдеріне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен және Ресей Федерациясымен шекаралас аумақтарындағы бақылау пункттерінде автомобиль қатынасы шегінде агроөнеркәсіптік кешен өнімдеріне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) автомобиль қатынасы шегіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясымен шекара маңы аумағындағы бақылау пункттерінде агроөнеркәсіптік кешен өнімдеріне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша негізгі мәселелерді регламенттейді.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның ведомстволары (бұдан әрі – ведомстволар) – агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның комитеттері;

2) агроөнеркәсіптік кешен өнімдері (бұдан әрі – өнімдер) – карантинге жатқызылған өнімдер, карантинге жатқызылған объектілер және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауға жататын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер;

3) бақылау пункттері – Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен және Ресей Федерациясымен мемлекеттік шекарасының маңындағы аумақтағы автомобиль қатынасы шегінде агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға арналған, қажетті жабдықтармен және аспаптармен жарақталған пункттер;

4) ведомстволардың аумақтық бөлімшелері – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (облыс, аудан, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана) орналасқан ведомстволардың аумақтық бөлімшелері;

5) өнімдерді мемлекеттік бақылау мен қадағалау (бұдан әрі – мемлекеттік бақылау мен қадағалау) – бақылау пункттеріне бекітілген ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары жүзеге асыратын өнімдерді әкелу, әкету және орнын ауыстыру кезіндегі мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық және ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің лауазымды адамдары құзыреті шегінде мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарына оларға жүктелген міндеттерді шешуде жәрдем көрсетеді.

4. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген көлік құралдарын әкімшілік тұрғыдан кідіртуге құқығы бар мемлекеттік органдар ведомстволармен келісім бойынша тиісті мемлекеттік органмен бірлескен Жоспарға сәйкес іске асырылатын бірлескен профилактикалық іс-шараларды жүргізу аясында тиісті бақылау пункттерін лауазымды адамдарға (бұдан әрі – Бекітіп берілген лауазымды адамдар) бекітіп береді.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің лауазымды адамдары қолда бар байланыс құралдарымен бақылау пунктіндегі ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне өнімдері бар жеке және заңды тұлғалардың және көлік құралдарының келгені туралы хабардар етеді.

2-тарау. Бақылау пункттерінде мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

6. Тиісті ведомстволардың аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін Бекітіп берілген лауазымды адамды ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізуі мақсатында көрсетілген көлік құралын бақылау пунктінде кейіннен тоқтату үшін көлік құралының түрі мен нөмірін көрсете отырып, дереу хабардар етеді.

Бекітіп берілген лауазымды адамның көлік құралын тоқтатуы ведомстволардың тиісті аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамының қатысуымен жүзеге асырылады.

7. Ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау мен қадағалау мынадай бақылау:

1) құжаттамалық бақылау;

2) физикалық бақылау;

3) осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша зертханалық бақылау түрлерінен тұрады.

8. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша мынадай шешімдер қабылданады:

1) өнімдерді өткізу туралы;

2) өнімдердің қозғалысын тоқтата тұру туралы;

3) өнімдерді қайтару немесе жою туралы.

9. Көлік компаниясының өкілінен немесе өнімдерді тасымалдау кезеңінде жүк алушының заңды өкілі болып табылатын өкілден:

1) ілеспе құжаттарды (немесе өнімдердің қауіпсіздігін растайтын өзге құжат));

2) көліктік (тасымалдау) құжаттарын (тауар-көліктік жүкқұжат) (жеке тұлғалардың жеке пайдалануларына арналған өнімдерді әкелуін қоспағанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығымен белгіленген жағдайларда қажетті зертханалық зерттеулер жүргізу туралы мәліметтерді алу мемлекеттік бақылау және қадағалау рәсімін жүзеге асыруды бастау үшін негіз болып табылады.

10. Бақылау пунктіндегі құжаттамалық бақылау:

1) өнімдерге ілеспе құжаттардың (немесе өнімдердің қауіпсіздігін растайтын өзге де құжаттың) болуы мен мазмұнының сәйкестігін;

2) ұсынылған ілеспе құжаттарда (немесе өнімдердің қауіпсіздігін растайтын өзге де құжатта), көліктік (тасымалдау) құжаттарда мәліметтер қайшылықтарының жоқтығын;

3) Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының өнімдерді әкелуге, әкетуге, орнын ауыстыруға тыйым салуларының немесе шектеулерінің болуын;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығымен белгіленген жағдайларда өнімдерді өндіруді, өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімінде өнімдерді өндіруші кәсіпорынның болуын тексеруден тұрады.

11. Құжаттамалық бақылаудың нәтижесі:

1) ұсынылған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін не сәйкес еместігін анықтау;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының өнімдерді әкелуге, әкетуге, орнын ауыстыруға тыйым салу немесе шектеу құжаттарының не фактісінің бар не жоғын анықтау болып табылады.

12. Бақылау пунктіндегі физикалық бақылау:

1) өнімдерді қарап-тексеру және (немесе) жете тексеру кіреді, бұл ретте өнімдер ілеспе құжаттарда (немесе өнімдердің қауіпсіздігін растайтын өзге де құжатта), көліктік (тасымалдау) құжаттарда көрсетілген деректермен салыстырылып тексереді;

2) көлік құралының өнімдерді тасымалдау үшін қажетті белгіленген талаптарға сәйкестігін қарау және бақылауды;

3) буып-түю мен таңбалаудың белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылауды қамтиды.

13. Өнімдерді жете тексеру және (немесе) қарап-тексеру көлік компаниясы өкілінің немесе өнімдерді тасымалдау кезеңінде жүк алушының заңды өкілі болып табылатын өкілдің қатысуымен жүзеге асырылады.

14. Зертханалық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасында және Еуразиялық экономикалық одақ құқығында белгіленген тәртіппен сынамалар алу және оларды зертханалық зерттеулер жүргізу үшін жіберу жолымен:

1) морфологиялық белгілері бойынша карантиндік объектілермен ұқсас организмдердің, өсімдіктер аурулары симптомдарының анықталуы;

2) карантинге жатқызылған өнімдердің карантиндік объектілермен зақымдану белгілерінің анықталуы;

3) жануардың клиникалық жай-күйінің өзгеруі, оны кейіннен оқшаулау;

4) жануардың өлуі (диагноз қою мақсатында патологиялық материал алу);

5) дефростация, бүліну, орама, таңбалау бүтіндігінің бұзылуы белгілері, бөгде иістің болуы, өнімдердің ағуы жағдайларында жүзеге асырылады.

15. Шешім қабылдау құжаттамалық бақылау, өнімдерді қарап-тексеру және (немесе) жете тексеру, көлік құралын қарап-тексеру және оның белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылау нәтижелері бойынша ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау ведомстволардың аумақтық бөлімшелері лауазымды адамдарының көлік (тасымалдау) құжатына немесе ілеспе құжаттарға (немесе өнімдердің қауіпсіздігін растайтын өзге де құжатқа) осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес қабылданған шешім туралы белгі қою арқылы аяқталады, ол күні мен тиісті ведомстволардың аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамының дербес деректері көрсетіле отырып, қолтаңбамен және жеке нөмірлік мөр бедерімен расталады.

17. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Еуразиялық экономикалық одақ құқығының өнімдерге қойылатын талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, тиісті ведомстволардың аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес нысан бойынша акт жасайды.

18. Егер, мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған және өнімдердің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Еуразиялық экономикалық одақ құқығының талаптарына сәйкес еместігі анықталған жағдайда, мұндай өнімдер кідіртілуі тиіс. Оған қатысты жою немесе қайтару туралы шешім қабылданады.

19. Ведомстволардың аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы өнімдерді кері қайтару немесе жою туралы шешімді:

1) өнімдерді өндіруші кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына сәйкес Өнімдерді өндіруді, өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен тұлғалардың тізілімінде болуы тиіс жағдайларда, өнімдерді өндіруші кәсіпорынның осы тізілімде болмаған;

2) уақытша шаралар енгізілген, оның ішінде әкелуге, транзиттеуге тыйым салынған немесе шектеу енгізілген өнімдердің келіп түскен;

3) өнімдерге қойылатын талаптарға сәйкессіздіктер анықталған;

4) зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша өнімдерге қойылатын талаптарға сәйкессіздіктер анықталған;

5) өнімдерді сақтау және тасымалдау шарттары бұзылған жағдайларда қабылданады.

20. Осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес шешім қабылдаған ведомстволардың аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы 2 сағат ішінде ведомстволардың тиісті аумақтық бөлімшесінің уәкілетті адамына және ведомстволардың жауапты лауазымды адамына өнімдердің иесін, өнімдерің межелі (жеткізілу) орнын, экспорттаушы елді, ілеспе құжаттың (немесе өнімдердің қауіпсіздігін растайтын өзге де құжаттың) нөмірін, көлік құралының түрін және оның тіркеу нөмірін көрсете отырып, ақпарат жеткізеді және осы Қағидалардың 8-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес шешімдер қабылданған жағдайда, қандай негізде шешім қабылданған себептерді көрсетеді.

21. Өнімдерді кері қайтару ведомстволардың аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша кері қайтару актісін ресімдеуі жолымен жүзеге асырылады.

Өнімдерді жою Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Кері қайтару немесе әкелуге рұқсат ету туралы шешімді ведомстволардың аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы 72 сағаттан аспайтын мерзімде қабылдайды, ол зертханалық зерттеулер жүргізу және нәтижелерін алу үшін қажетті мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Өсімдіктер карантині саласындағы зертханалық зерттеулер Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 41 шешімімен бекітілген Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету тәртібінде белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

Ветеринария саласындағы зертханалық зерттеулер халықаралық және ұлттық стандарттарда, сондай-ақ өнімдердің түріне, оларды зерттеу әдісіне және зерттелетін қауіпсіздік көрсеткішіне байланысты Халықаралық эпизоотиялық бюро аясында әзірленген стандарттарда, нұсқамаларда және ұсынымдарда белгіленген мерзімдерде, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 80 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде зертханалық зерттеулер (сынақтар) жүргізуді ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

23. Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары өнімдердің межелі (жеткізілу) орнындағы тиісті ведомстволардың аумақтық бөлімшесін, экспорттаушы елді хабардар ете отырып, өнімдер туралы, қабылданған шешім, мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері, өнімдердің иесі, өнімдердің межелі (жеткізілу) орны туралы ілеспе құжаттың (немесе өнімдердің қауіпсіздігін растайтын өзге де құжаттың) нөмірі, көлік құралының түрі мен оның тіркеу нөмірі туралы мәліметтер мен деректерді тиісті ақпараттық жүйеге енгізеді, осы Қағидалардың 8-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес шешімдер қабылданған жағдайда, оның негізінде осындай шешім қабылданған себептерді көрсетеді.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 19 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18552 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 18 сәуір №159 Нұр-Сұлтан қаласы

«Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 7-1/764 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №7-1/764 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12097 болып тіркелген, 2015 жылғы 6 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі (бұдан әрі – кеңсе);

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) іс-қимылдары тәртібінің сипаттамасы»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі қажетті ақпаратты және консультацияны порталдағы «жеке кабинет» арқылы, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 77 77 телефондары арқылы алуға болады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы»;

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. «Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі (бұдан әрі – кеңсе);

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) іс-қимылдары тәртібінің сипаттамасы»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі қажетті ақпаратты және консультацияны порталдағы «жеке кабинет» арқылы, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 77 77 телефондары арқылы алуға болады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) іс-қимылдары тәртібінің сипаттамасы»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Стандарттың 9-тармағында көрсетілген, Мемлекеттік корпорациядан алынған қоса берілетін құжаттармен бірге көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің болуы (бұдан әрі – өтініш) мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіз болып табылады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық инспекцияларының кеңсесі (бұдан әрі – кеңсе) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға ұсынылған құжаттарды Мемлекеттік корпорациядан құжаттарды келіп түскен күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді және жауапты орындаушыны (бұдан әрі – орындаушы) айқындау үшін басшылыққа жолдайды – 30 (отыз) минут;

2) басшылық – ұсынылған құжаттармен танысады, орындаушыны айқындайды – 60 (алпыс) минут;

3) орындаушы ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйеге енгізеді, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге арналған сұранымды дайындайды және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне (бұдан әрі – ведомство) жолдайды немесе орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына рұқсат беруден уәжді бас тартуға қол қоюға арналған сұранымды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жолдайды;

4) ведомство 30 (отыз) жұмыс күні ішінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға және күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде тірі жануарларды карантиндеуден өткізуді басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді қажет ететін рұқсаттарды қоспағанда, сұранымды 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарайды.

Егер:

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға немесе тірі жануарларды карантиндеуден өткізуге басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісу қажет етілмесе, ведомстволардың орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге бекітілген орындаушысы(лары) 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына транзитіне рұқсат беруге арналған сұранымды немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша уәжді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті берушіге жібереді;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісу қажет етілсе, ведомстволардың орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге бекітілген орындаушысы(лары) 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға арналған сұранымды дайындайды және басқа мемлекеттердің қызметтеріне жібереді. Басқа мемлекеттердің қызметтерінен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға жауап алынғаннан кейін ведомстволардың орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге бекітілген орындаушысы(лары) 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға арналған сұранымды дайындайды және басқа мемлекеттердің қызметтеріне жібереді. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға басқа мемлекеттердің қызметтерінен жауап алынғаннан кейін ведомстволардың орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге бекітілген орындаушысы(лары) сұранымға жауап алынған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге арналған сұранымды немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша уәжді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші ведомстволардың сұраным жіберген тиісті аумақтық бөлімшесін, ветеринариялық бақылау бекетін рұқсат берілгені немесе рұқсат беруден бас тартылғаны туралы хабардар етеді;

5) кеңсе рұқсаттың нөмірін тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды – 30 (отыз) минут.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, жұмыскерлер арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) бірізділігі сипаттамасы:

1) кеңсе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға ұсынылған құжаттарды Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың келіп түскен күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді және орындаушыны айқындау үшін басшылыққа жолдайды – 30 (отыз) минут;

2) басшылық – ұсынылған құжаттармен танысады, орындаушыны айқындайды – 60 (алпыс) минут;

3) орындаушы ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйеге енгізеді, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге арналған сұранымды дайындайды және ведомствоға жолдайды немесе орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына рұқсат беруден уәжді бас тартуға қол қоюға арналған сұранымды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жолдайды;

4) ведомство 30 (отыз) жұмыс күні ішінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға және күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде тірі жануарларды карантиндеуден өткізуді басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді қажет ететін рұқсаттарды қоспағанда, сұранымды 2 (екі) жұмыс күні ішінде қарайды.

Егер:

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға немесе тірі жануарларды карантиндеуден өткізуге басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісу қажет етілмесе, ведомстволардың орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге бекітілген орындаушысы(лары) 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына транзитіне рұқсат беруге арналған сұранымды немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша уәжді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті берушіге жібереді;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісу қажет етілсе, ведомстволардың орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге бекітілген орындаушысы(лары) 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға арналған сұранымды дайындайды және басқа мемлекеттердің қызметтеріне жібереді. Басқа мемлекеттердің қызметтерінен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға жауап алынғаннан кейін ведомстволардың орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге бекітілген орындаушысы(лары) 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға арналған сұранымды дайындайды және басқа мемлекеттердің қызметтеріне жібереді. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік тасымалдауға басқа мемлекеттердің қызметтерінен жауап алынғаннан кейін ведомстволардың орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге бекітілген орындаушысы(лары) сұранымға жауап алынған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беруге арналған сұранымды немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша уәжді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші ведомстволардың сұраным жіберген тиісті аумақтық бөлімшесін, ветеринариялық бақылау бекетін рұқсат берілгені немесе рұқсат беруден бас тартылғаны туралы хабардар етеді;

5) кеңсе рұқсаттың нөмірін тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды – 30 (отыз) минут.»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы»;

12-тармақта:

11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«11) 5-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің АЖ-дан алынған көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеуі;

12) 6-процесс – АЖ-да сұратылған көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;»

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі қажетті ақпаратты және консультацияны порталдағы «жеке кабинет» арқылы, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 77 77 телефондары арқылы алуға болады.»;

«Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша осы бұйрыққа қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

2019 жылғы 5 сәуір №135 Нұр-Сұлтан қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ

2019 жылғы 24 сәуір №30 Нұр-Сұлтан қаласы

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес су ресурстарын алуды және (немесе) пайдалануды, сондай-ақ су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануды жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес су объектілерінде немесе су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс, түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын, пайдалы қазбаларды және басқа да ресурстарды өндіру, кабелдерді, құбыр өткізгіштерді және басқа да коммуникацияларды төсеу, орман кесу, бұрғылау және өзге де жұмыстарды жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №19-2/1131 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №809 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12661 болып тіркелген, 2016 жылдың 16 ақпанында «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі _____ С. Омаров

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі _____Р. Дәленов

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 5 сәуір №135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 сәуір №30 бірлескен бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексіне, 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі №3 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17371 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 25 қыркүйекте жарияланған) бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру және тексеру парақтарының нысанын бекіту қағидаларына сәйкес, су қорын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияларының су объектілерінде немесе су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс, түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын, пайдалы қазбаларды және басқа да ресурстарды өндіру, кабелдерді, құбыр өткізгіштерді және басқа да коммуникацияларды төсеу, орман кесу, бұрғылау және өзге де жұмыстарды жүзеге асыратын бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі – арнайы су пайдалануды, гидротехникалық құрылысжайларды пайдалануды, жерүсті су ағыстарын реттеуді, өндірістік және техникалық қажеттіліктерге (алғашқы су пайдаланушылар) сумен жабдықтау жүйелерінен су алу үшін су шаруашылығы ұйымдарының қызметтерін пайдалануды, ғимараттар мен құрылысжайларды пайдалануды, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтарында және белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар мен коммерциялық емес ұйымдар;

2) болмашы бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамалары талаптарын оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерінде белгіленген су сервитуттарын сақтамау, жерасты суларын байқайтын және режимдік ұңғымаларды, су объектілеріндегі режимдік байқаушы тұстамаларды, су қорғау немесе су шаруашылығы белгілерін жою немесе зақымдау бөлігінде бұзу;

3) елеулі бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттер қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамалары талаптарын мынадай бөлігінде бұзу:

суды өлшеу, алу, тастау орындарының нөмірленуі, сондай-ақ осындай суларды екінші рет қолданатын су пайдаланушыларға беруді есепке алу тораптары көрсетілген, суды алуды немесе тастауды жүзеге асыратын су шаруашылығы құрылысжайлары мен техникалық құрылғыларының орналасу схемаларының болмауы;

суды алғашқы есепке алу журналының болмауы;

әрбір су жинайтын құрылысжайда және ағынды суларды жіберуде су шығындарын өлшеу кезеңділігін сақтамау;

есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде суды алғашқы есепке алу бойынша анық және толық ақпараттың берілмеуі;

суды тұтынуды және тастауды есепке алуға арналған өлшеу құралдарының бұзылуы және мемлекеттік аттестацияны өткізбеу, сондай-ақ пломбылардың тұтастығы мен сақталуын бұзу;

арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген шарттарды орындамау, сондай-ақ су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру, технологиялық, орманмелиоративтік, агротехникалық, гидротехникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да іс-шараларды өткізбеу;

су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындарды және басқа да құрылысжайларды орналастыруға келісімнің, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарының болмауы;

белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасының және экономика салаларының объектілері құрылысының, реконструкциясының, техникалық қайта жарақтануының оған сәйкес болмауы;

жаңадан енгізілетін және реконструкцияланған кәсіпорындар мен объектілерде су объектілерінің ластануын, қоқыстануын болдырмайтын құрылысжайлар мен қондырғылардың болмауы;

су заңнамаларының су ресурстарын есепке алу және қорғау бөлігіндегі талаптарын бұзу фактілері бойынша мемлекеттік органдардан шағымдар мен арыздардың, сондай-ақ ақпараттың болуы;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары – (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) бақылау субъектілерін (объектілерін) белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне қарай іріктеу үшін пайдаланылатын және жекелеген бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді болып табылмайтын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) өрескел бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттер қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын:

арнайы су пайдалануға арналған рұқсаттың болмауы;

арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген су тұтыну және су бұру лимиттерін сақтамау;

су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласында уәкілетті органның ведомствосымен су тұтыну мен су бұрудың келісілген үлестік нормаларының болмауы;

су объектісін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шарттың болмауы;

су қоймаларын пайдаланудың бекітілген режимінің бұзылуы;

су қоймаларын пайдаланудың бекітілген режимінің болмауы;

судың жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылысжайлары мен техникалық құрылғыларды жарамсыз күйде ұстау;

су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының қауіпсіздігі өлшемшарттарына мониторинг жүргізбеу;

су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің өлшемшарттарына түзетулер жүргізбеу;

су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының көп факторлы зерттеп-қарауын жүргізбеу;

бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясының, сондай-ақ онда толық және (немесе) анық ақпараттың болмауы;

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаулықты орындамау және (немесе) дұрыс орындамау;

су заңнамаларының су ресурстарын пайдалану және су шаруашылығы құрылысжайларын пайдалану қауіпсіздігі бөлігіндегі талаптарын бұзу фактілері бойынша мемлекеттік органдардан шағымдар мен арыздардың, сондай-ақ ақпараттың болуы бөлігінде бұзу;

6) Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы тәуекел – салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып, халықтың сумен қамтамасыз етілуінің төмендеу, су объектілерінің ластануының, қоқыстануының және сарқылуының пайда болу, су пайдаланушылардың бөлінген лимиттерге сәйкес су ресурстарын алу құқығының бұзылу, сондай-ақ су пайдаланушылар қызметінің нәтижесінде елді мекендерге судың зиянды әсер ету, су объектілерінде және су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жұмыстар жүргізуге келісу болмау, адамдардың қаза болуына, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға залал келтіруге алып келуі мүмкін гидротехникалық құрылысжайлардағы төтенше жағдайлардың туындау және алдын алу ықтималдығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне қарай бақылау субъектісін (объектісін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тексеру парағы – бақылау субъектілері (объектілері) қызметіне қойылатын талаптарды қамтитын талаптар тізбесі, оларды сақтамау адам өміріне және денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіреді.

3. Бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелеріне жатқызу объективті және субъективті өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады.

2-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары

4. Объективті өлшемшарттар бойынша су объектілерінің стратегиялық маңыздылығына және су алу көлемдеріне байланысты барлық бақылау субъектілері тәуекелдің екі дәрежесі бойынша бөлінеді:

1) тәуекелдің жоғары дәрежесі – бақылау субъектілері (объектілері), олар:

ерекше мемлекеттік маңызы бар су қорғау аймақтары, белдеулері шегінде және су объектілерінде, сондай-ақ кіші су объектілерінде шаруашылық қызметті жүзеге асырады;

ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылысжайлары мен ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне жатқызылған объектілерді пайдаланады;

I, II, III класты, сондай-ақ төтенше жағдайларда жоғары қауіптілікті IV класты бөгеттерді пайдаланады;

тәулігіне 1 мың текше метрден аса жерасты және жерүсті суларын жинауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асырады;

2) тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жатпайтындар – бақылау субъектілері (объектілері), олар:

ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінде және су қорғау аймақтарында, белдеулерінде, сондай-ақ кіші су объектілері шегінде шаруашылық қызметті жүзеге асырады;

ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылысжайлары мен ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне жатқызылмаған объектілерді пайдаланады;

төтенше жағдайларда жоғары қауіптілікті болдыртпайтын IV класты бөгеттерді пайдаланады;

тәулігіне 1 мың текше метрден аз жерасты және жерүсті суларын жинау және (немесе) пайдалануды жүзеге асырады;

5. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

3-тарау. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

6. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

7. Тәуекелдер дәрежесін айқындау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) алғашқы есепке алуды жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері;

2) алдыңғы тексерулердің, бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бақылау субъектісінің кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы. Қолайсыз оқиғаларға авариялар, оқиғалар, апаттар, су шаруашылығы құрылысжайларындағы инциденттер жатады;

4) жеке немесе заңды тұлғалардан келіп түскен бақылау субъектілеріне расталған шағымдар мен арыздардың болуы және саны;

5) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 49-бабының 1-тармағында көрсетілген уәкілетті органдар және су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктер беретін мәліметтерді талдау нәтижелері.

8. Осы өлшемшарттардың 7-тармағында анықталған ақпарат көздері негізінде осы Өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес субъективті өлшемшарттар айқындалады.

9. Реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес субъективті өлшемшарттардың тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0–ден 100–ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Бір өрескел бұзушылық айқындалған кезде субъекті тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 100-ге теңестіріледі және оған қатысты субъектіге (объектіге) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

Ре= (∑Р2 х 100/∑Р1) х 0,7,

мұнда:

∑ Ре – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

∑ Р1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

∑ Р2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

∑Рб = (∑Р2 х 100/∑Р1) х 0,3

мұнда:

∑ Рб – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

∑ Р1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

∑ Р2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (∑Р) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу жолымен анықталады:

∑Р = ∑Ре + ∑Рб

мұндағы:

∑ Р – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

∑ Ре – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

∑ Рб – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша субъект (объект) мыналарға жатады:

1)тәуекелдің жоғары дәрежесіне – 61-ден 100-ге қоса алғанда дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтынға – 0-ден 60-қа қоса алғанда дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектіге) барып профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

4-тарау. Қорытынды ережелер

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүргізу еселігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша және жылына бір реттен жиілетпей айқындалады.

Тәуекелдер дәрежесін талдау және бағалау кезінде нақты субъектіге (объектіге) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер пайдаланылмайды.

11. Бақылау субъектісіне (объектіге) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптасатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттер қауіпсіздігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына қосымша

	Субъективті өлшемшарттардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
	1. «Алғашқы есепке алуды жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері» ақпарат көзі бойынша (ауырлық дәрежесі төмендегі талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)	
1	Әр су жинақтайтын құрылысжайда және сарқынды суларды шығаруда су шығындарын өлшеу кезеңділігін сақтау	Елеулі
2	Есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде суды алғашқы есепке алу бойынша анық және толық ақпаратты беру	Елеулі
3	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген су тұтыну және су беру лимиттерін сақтау	Өрескел
	2. «Алдыңғы тексерістердің, бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылаудың нәтижелері» ақпарат көзі бойынша (ауырлық дәрежесі төмендегі талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)	
	Су ресурстарын алу және (немесе) пайдалануды, сондай-ақ су шаруашылығы құрылысжайларын пайдалануды жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне қатысты	
1	Оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерінде белгіленген су сервитуттарын сақтау	Болмашы
2	Жерасты суларына арналған байқайтын және режимді ұңғымаларды, су объектілеріндегі байқайтын режимді тұстамаларды, су қорғау немесе су шаруашылығы белгілерін жою немесе бүлдіру	Болмашы
3	Суды өлшеу, жинау және ағызу орындарының нөмірленуін көрсете отырып, су алуға немесе ағызуға септігін тигізетін су шаруашылығы құрылысжайлары мен техникалық құрылғылардың, сондай-ақ осындай суларды қосалқы су пайдаланушыларға беруді есепке алу тораптарының орналасу схемасының болуы	Елеулі
4	Суды алғашқы есепке алу журналының болуы	Елеулі
5	Әр су жинақтайтын құрылысжайда және сарқынды суларды шығаруда су шығындарын өлшеу кезеңділігін сақтау	Елеулі
6	Есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде суды алғашқы есепке алу бойынша анық және толық ақпаратты беру	Елеулі
7	Ақауы жоқ, мемлекеттік аттестациядан өткен суды тұтынуды және бұруды есепке алуға арналған өлшеуіш құралдардың, сондай-ақ бүтін және бүлінбеген пломбылардың болуы	Елеулі
8	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген шарттардың орындалуын, сондай-ақ су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды жүзеге асыратын ұйымдастыру, технологиялық, орман мелиоративтік, агротехникалық, гидротехникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да іс-шаралардың өткізілмегенін растайтын құжаттар	Елеулі
9	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсаттың болуы	Өрескел
10	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген су тұтыну және су бұру лимиттерін сақтау	Өрескел
11	Су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласында уәкілетті органның ведомствосымен су тұтыну мен су бұрудың келісілген үлестік нормаларының болуы	Өрескел
12	Су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шарттың болуы	Өрескел
13	Су қоймасын пайдаланудың бекітілген режимін сақтау	Өрескел
14	Су қоймасын пайдаланудың бекітілген режимінің болуы	Өрескел
15	Судың жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылысжайлары мен техникалық құрылғыларды жұмысқа жарамды күйде ұстау	Өрескел
16	Су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының қауіпсіздігі өлшемшарттарына мониторинг жүргізу	Өрескел
17	Су шаруашылығы жүйелерінің қауіпсіздігі өлшемшарттарына түзету жүргізу	Өрескел
18	Су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларына көп факторлы зерттеп-қарау өткізу	Өрескел
19	Толық және анық ақпараттан тұратын бөгеттер қауіпсіздігі декларациясының болуы	Өрескел
20	Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымды орындау	Өрескел
	Су объектілерінде немесе су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс, түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын, пайдалы қазбаларды және басқа да ресурстарды өндіру, кабельдерді, құбыр өткізгіштерді және басқа да коммуникацияларды төсеу, орманды кесу, бұрғылау және өзге жұмыстарды жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне қатысты	
21	Кәсіпорындарды және басқа да құрылысжайларды орналастыруға келісімнің, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізуге жағдайдың болуы	Елеулі
22	Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасының және оған экономика салалары объектілерінің құрылысы, реконструкциясы, техникалық қайта жарақтануының сәйкес болуы;	Елеулі
23	Жаңадан енгізілетін және реконструкцияланған кәсіпорындар мен объектілерде су объектілерінің ластануын,қоқыстануын болдырмайтын құрылысжайлар мен қондырғылардың болуы	Елеулі
	3. «Бақылау субъектісінің кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы» ақпарат көзі бойынша	
1.	Ғимараттар мен құрылысжайлардың су басуына, судың астында қалуына және бұзылуына, сондай-ақ су объектілері жағалауларының бұзылуына әкелетін су шаруашылығы құрылысжайларындағы оқиғалар	Өрескел
	4. «Бақылау субъектілеріне қатысты жеке немесе заңды тұлғалардан келіп түсетін расталған шағымдар мен арыздардың болуы және саны» ақпарат көзі бойынша	
1	Әр су жинақтайтын құрылысжайда және сарқынды суларды тастауда су шығындарын өлшеу кезеңділігінің сақталмау, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде суды алғашқы есепке алу бойынша анық және толық ақпаратты беру мерзімдерінің сақталмау, ақауы бар, белгіленген мерзімдерде мемлекеттік аттестациядан өтпеген суды тұтынуды және бұруды есепке алуға арналған өлшеуіш құралдардың болу, сондай-ақ пломбылардың бүтіндігінің және сақталуының бұзылуы, оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерінде белгіленген су сервитуттарының сақталмау, жерасты суларына арналған байқайтын және режимдік ұңғымалардың, су объектілеріндегі байқайтын режимдік тұстамалардың, су қорғау немесе су шаруашылығы белгілерінің жойылу немесе бүліну фактісі бойынша бір немесе одан да көп шағымның болуы	Елеулі
2	Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындарды және басқа да құрылысжайларды орналастыруға келісімнің, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізуге жағдайлардың болмау, белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасының және экономика салалары объектілерінің құрылыс, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтаудың оған сәйкес болмау, жаңадан енгізілетін және реконструкцияланған кәсіпорындар мен объектілерде су объектілерінің ластануын, қоқыстануын болдырмайтын құрылысжайлар мен қондырғылардың болмау фактісі бойынша бір және одан көп шағымның болуы	Елеулі
3	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген шарттардың орындалмау, су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру, технологиялық, орман мелиоративтік, агротехникалық, гидротехникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да іс-шараларды өткізбеу фактісі бойынша бір және одан көп шағымның болуы	Елеулі
4	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсаттың болмауы, арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген су тұтыну және су бұру лимиттерінің сақталмау, су қоймаларын пайдаланудың бекітілген режимінің болмауы не сақталмауы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласында уәкілетті органның ведомствосымен су тұтыну мен су бұрудың келісілген үлестік нормаларының болмауы, су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шарттың болмауы бойынша бір немесе одан көп шағымның болуы	Өрескел
5	Су шаруашылығы құрылысжайлары мен судың жай-күйіне әсер ететін техникалық құрылғыларды жұмысқа жарамсыз күйде ұстау, су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының қауіпсіздігі өлшемшарттарына мониторинг, су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларына көп факторлы зерттеп қарау жүргізбеу, бөгеттер қауіпсіздігі декларациясының не толық емес және (немесе) анық емес ақпаратты қамтыған бөгеттер қауіпсіздігі декларациясының болмау фактісі бойынша бір немесе одан көп шағымның болуы	Өрескел
	5. «Уәкілетті органдар және су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктер ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері» ақпарат көзі бойынша	
1	Әр су жинақтайтын құрылысжайда және сарқынды суларды тастауда су шығындарын өлшеу кезеңділігінің сақталмау, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейінгі мерзімде суды алғашқы есепке алу бойынша анық және толық ақпаратты беру мерзімдерінің сақталмау, ақауы бар, белгіленген мерзімдерде мемлекеттік аттестациядан өтпеген суды тұтынуды және бұруды есепке алуға арналған өлшеуіш құралдардың болу, сондай-ақ пломбылардың бүтіндігінің және сақталуының бұзылу, оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерінде белгіленген су сервитуттарының сақталмау, жерасты суларына арналған байқайтын және режимдік ұңғымалардың, су объектілеріндегі байқайтын режимдік тұстамалардың, су қорғау немесе су шаруашылығы белгілерінің жойылу немесе бүліну фактісі бойынша мәліметтердің болуы	Елеулі
2	Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындарды және басқа да құрылысжайларды орналастыруға келісімнің, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізуге жағдайлардың болмау, белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасының және экономика салалары объектілерінің құрылыс, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтаудың оған сәйкес болмау, жаңадан енгізілетін және реконструкцияланған кәсіпорындар мен объектілерде су объектілерінің ластануын, қоқыстануын болдырмайтын құрылысжайлар мен қондырғылардың болмау фактісі бойынша мәліметтердің болуы	Елеулі
3	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген шарттардың орындалмау, су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру, технологиялық, орман мелиоративтік, агротехникалық, гидротехникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да іс-шараларды өткізбеу фактісі бойынша мәліметтердің болуы	Елеулі
4	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсаттың болмауы, арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген су тұтыну және су бұру лимиттерінің сақталмауы, су қоймаларын пайдаланудың бекітілген режимінің болмауы не сақталмауы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласында уәкілетті органның ведомствосымен су тұтыну мен су бұрудың келісілген үлестік нормаларының болмауы, су объектісін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру туралы шарттың болмауы бойынша мәліметтердің болуы	Өрескел
5	Су шаруашылығы құрылысжайлары мен судың жай-күйіне әсер ететін техникалық құрылғыларды жұмысқа жарамсыз күйде ұстау, су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының қауіпсіздігі өлшемшарттарына мониторинг, су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының қауіпсіздігі өлшемшарттарына түзету, су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларына көп факторлы зерттеп қарау жүргізбеу, бөгеттер қауіпсіздігі декларациясының не толық емес және (немесе) анық емес ақпаратты қамтыған бөгеттер қауіпсіздігі декларациясының болмау фактісі бойынша мәліметтердің болуы	Өрескел

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 5 сәуір №135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 сәуір №30 бірлескен бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы су ресурстарын алуды және (немесе) қолдануды, сондай-ақ су шаруашылығы құрылысжайларын пайдалануды жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне қатысты тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган_____
_____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____
_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі_____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерінде белгіленген су сервитуттарын сақтау				
2	Жерасты суларына арналған байқайтын және режимдік ұңғымаларды, су объектілеріндегі бақйқайтын режимдік тұстамаларды, су қорғау немесе су шаруашылығы белгілерін жою және бүлдіру				
3	Суды өлшеу, жинау және ағызу орындарының нөмірленуін көрсете отырып, су алуға немесе ағызуға септігін тигізетін су шаруашылығы құрылысжайлары мен техникалық құрылғылардың, сондай-ақ осындай суларды қосалқы су пайдаланушыларға беруді есепке алу тораптарының орналасу схемасының болуы				
4	Суды алғашқы есепке алу журналының болуы				
5	Әр су жинақтайтын құрылыс

(Соңы. Басы 21-бетте)

7	Ақауы жоқ мемлекеттік аттестациядан өткен суды тұтынуды және бұруды есепке алуға арналған өлшеуіш құралдардың, сондай-ақ бүтін және бүлінбеген пломбылардың болуы				
8	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген шарттардың орындалуын, сондай-ақ су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды жүзеге асыратын ұйымдастыру, технологиялық, орман мелиоративтік, агротехникалық, гидротехникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да іс-шаралардың өткізілгенін растайтын құжаттар				
9	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсаттың болуы				
10	Арнайы су пайдалануға арналған рұқсатта белгіленген су тұтыну және су бұру лимиттерін сақтау				
11	су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласында уәкілетті органның ведомствосымен су тұтыну мен су бұрудың келісілген үлестік нормаларының болуы				
12	Оқшау немесе бірлесіп пайдалануға су объектісін беру туралы шарттың болуы				
13	Су қоймасын пайдаланудың бекітілген режимін сақтау				
14	Су қоймасын пайдаланудың бекітілген режимінің болуы				
15	Судың жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылысжайлары мен техникалық құрылғыларын жұмысқа жарамды күйде ұстау				
16	Су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының қауіпсіздігі өлшемшарттарының мониторингін жүргізу				
17	Су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының қауіпсіздігі өлшемшарттарының түзетуін жүргізу				
18	Су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларының көпфакторлы зерттеп-қарауын жүргізу				
19	Толық және (немесе) анық ақпаратты қамтитын бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясының болуы				
20	Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымды орындау				

Лауазымды адам (-дар) _____ _____
(лауазымы) (қолы)
_____
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау субъектісінің басшысы_____ _____
(лауазымы) (қолы)
_____
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 5 сәуір №135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 сәуір №30 бірлескен бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану және қорғау, бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы су объектілерінде немесе су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс, түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын, пайдалы қазбаларды және басқа да ресурстарды өндіру, кабельдерді, құбыр өткізгіштерді және басқа да коммуникацияларды төсеу, орманды кесу, бұрғылау және өзге жұмыстарды жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне қатысты тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган_____
_____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт_____
_____
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____
_____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі_____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Су объектілерінде, су қорғау аймақтарында және белдеулерінде кәсіпорындар мен басқа да құрылысжайларды орналастыруға келісімнің, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізуге жағдайдың болуы				
2	Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттамасының болуы және экономика салалары объектілері құрылысының, реконструкциясының, техникалық қайта жарақтануының оған сәйкес болуы				
3	Жаңадан енгізілген және реконструкцияланған кәсіпорындар мен объектілерде су объектілерінің ластануын, қоқыстануын болдырмайтын құрылысжайлар мен құрылғылардың болуы				

Лауазымды адам (-дар) _____ _____
(лауазымы) (қолы)
_____
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау субъектісінің басшысы_____ _____
(лауазымы) (қолы)
_____
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18616 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 25 сәуір №177 Нұр-Сұлтан қаласы

«Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-05/291 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-05/291 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10944 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгін күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.ОМАРОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 14 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18668 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 1 ақпан №46 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-08/590 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларда (бұдан әрі – Қағидалар):

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Жеке және заңды тұлғалар портал арқылы келісім-хат алу үшін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім ұсынады.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі өтінімді қабылдаған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі көрсетілген мерзімдерде өтінімді әрі қарай қараудан уәжді бас тартады.»;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хат әрбір карантиндік объектіге беріледі және берілген күнінен бастап алты ай бойы қолданыста болады.

Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хат бір реттен артық пайдаланылмайды.

Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хат немесе оны беруден уәжді бас тарту оны алуға өтінім берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында ресімделеді.

Карантиндік объектілерді ғылыми-зерттеу мақсатында әкелуге арналған келісім-хат зертхананың осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биологиялық қауіпсіздіктің әр түрлі деңгейіндегі карантиндік объектілерге арналған зертханаларда оқшаулау шарттарының тізбесінде баяндалған талаптарға сәйкестігін айқындау бойынша бақылаудың өзге нысанын жүргізу нәтижелері бойынша беріледі.»;

35, 36 және 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдау уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы портал арқылы беретін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес карантиндік сертификаттар бар болған жағдайда жүзеге асырылады.

Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының карантиндік аймақтарынан әкетуге карантиндік сертификаттар беруді уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары портал арқылы жүргізеді.

36. Жеке және заңды тұлғалар карантиндік сертификат алу үшін порталда осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім толтырады.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі өтінімді қабылдаған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі көрсетілген мерзімдерде өтінімді әрі қарай қараудан уәжді бас тартады.

37. Карантиндік сертификат электрондық құжат нысанында беріледі және карантинге жатқызылған өнімді карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі негізінде, ал карантинге жатқызылған өнім карантиндік аймақтардан әкету жағдайында – карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық сараптамасы негізінде карантинге жатқызылған өнімді зерттеген өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

Карантиндік сертификат карантинге жатқызылған өнімнің әрбір партиясына беріледі және осы өнімді жеткізу бойынша қосымша карантиндік фитосанитариялық талаптардың орындалғаны туралы мәліметтерді көрсете отырып, оның карантиндік жай-күйін куәландырады.

Карантиндік сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту оны алуға өтінім берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді.

Карантиндік сертификат беруден уәжді бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) өтінім берушінің карантинге жатқызылған өнімді оның карантиндік жай-күйін анықтау үшін ұсынбауы;

2) қараәрік шаркасының вирусы (Plum pox potyvirus) бар жемістер мен жидектерді, жалған қалқаншалы және қалқаншалы сымырлардың карантиндік түрлерін қоспағанда, карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілердің табылуы;

3) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы бірнеше рет (2 рет және одан көп) хабарламау немесе оны жете тексеруге ұсынбау межелі орнының өзгеруі жағдайларын қоспағанда, уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесінен ақпарат алынғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде карантиндік сертификат беруден бас тартуға негіз болып табылады;

4) өтінім беруші карантиндік сертификат алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

5) өтінім берушінің және (немесе) карантиндік сертификат беру үшін қажетті ұсынылған карантинге жатқызылған өнім материалдарының, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

6) өтінім берушіге қатысты карантиндік сертификатты алумен байланысты оның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.»;

2) «Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12033 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ө.ШӨКЕЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 46 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығына 1-қосымша

«Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 3 (үш) жұмыс күні ішінде. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінімді әрі қарай қараудан уәжді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – карантиндік сертификат немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша уәжді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны – электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні немесе көрсетілетін қызметті беруші белгілеген жұмыс уақыты кестесіне сәйкес жүзеге асырылады).

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталда электрондық құжат нысанында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім толтырады.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді не дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті беруші және көрсетілетін қызметті алушы «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрінеді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға арналған негіздер мыналар болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушының карантинге жатқызылған өнімді карантиндік жай-күйін айқындау үшін ұсынбауы;

2) қараәрік шаркасының вирусы (Plum Pox Potyvirus) бар жемістер мен жидектерді, жалған қалқаншалы және қалқаншалы сымырлардың карантиндік түрлерін қоспағанда, карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілердің анықталуы;

3) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы бірнеше рет (2 рет және одан көп) хабарламау немесе оны жете тексеруге ұсынбау, межелі орнының өзгеруі жағдайларын қоспағанда, уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесінен ақпарат алынғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде карантиндік сертификат беруден бас тартуға негіз болып табылады);

4) көрсетілетін қызметті алушы карантиндік сертификат алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған карантинге жатқызылған өнім материалдарының, карантиндік сертификат беру үшін қажетті деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты карантиндік сертификат алумен байланысты қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почтамен немесе қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын шағымды қабылдаған адамның аты-жөні мен тегі, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) растайды.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің арызды өңдеуі (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.moa.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.moa.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

Нысан

Кімге:_____
(өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті
_____
орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің атауы)
Кімнен:_____
(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның
_____
аты, әкесінің аты
_____
(бар болса),тегі,
_____
заңды мекенжайы (бизнес-сәйкестендіру нөмірі/
_____
жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өтінім

_____ мынадай карантинге
(облыс, қала)
жатқызылған өнімді әкетуге карантиндік сертификат беруді сұраймын:

Карантинге жатқызылған өнімнің атауы мен мөлшері, оның сипаттамасы_____
_____,
орын саны және орама сипаттамасы, айырым белгілері_____,
нысаналы мақсаты_____
_____;
2.*Өсімдіктердің ботаникалық атауы_____;
3. Облыстың (қаланың) атауы, карантинге жатқызылған өнімнің межелі мекенжайы_____
_____;
4. Карантинге жатқызылған өнімді тиеп-жөнелту күні және орны_
_____
_____;
5. Жөнелтілетін станцияның атауы_____
_____;
6. Межелі станцияның атауы_____
_____;
7. Жүк алушы, карантинге жатқызылған өнім жүк алушысының мекенжайы _____
_____.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер бергенім үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болатыным туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____ _____
(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Мөр (бар болса) орны 20__ жылғы «___»_____
(жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда)

*Ескертпе: толтыру міндетті емес жолдар

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 1 ақпандағы №46 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығына 3-қосымша

«Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінімді әрі қарай қараудан уәжді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – келісім-хат немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша уәжді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны – электрондық.

(Соңы 23-бетте)

(Соңы. Басы 22-бетте)

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні немесе көрсетілетін қызметті беруші белгілеген жұмыс уақытының кестесіне сәйкес жүзеге асырылады).

9. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы электрондық құжат нысанында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім жолданады.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді не дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті беруші және көрсетілетін қызметті алушы «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрінеді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы келісім-хат алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты келісім-хат алуды талап ететін қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының келісім-хат алумен байланысты арнайы құқығынан айырылған болуы.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша түрде почтамен немесе қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын шағымды қабылдаған адамның аты-жөні мен тегі, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) растайды.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің арызды өңдеуі (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметі алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.moa.gov.kz интернет-ресурсында орналасқан.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.moa.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдер) әкелуді келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

Нысан

Кімге:_____
(өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган
_____
ведомствосының аумақтық бөлімшесі)
Кімнен:_____
(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке
_____
тұлғаның, аты, әкесінің аты
_____
(бар болса), тегі
_____
(бизнес-сәйкестендіру
_____
нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өтінім

Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге келісім-хат беруді сұраймын:

_____
(карантиндік объектінің ғылыми атауы)
_____
(материалдың типі)
_____
(материалдың саны)

1. Карантиндік объектілерді әкелу қажеттілігінің негіздемесі _____
2. Ғылыми зерттеулерді орындаудың мерзімі, сипаты және міндеттері_____
3. Карантиндік объектілерді әкелудің болжамды мерзімі _____
4. Жеткізу тәсілі_____
5. Экспорттаушы ел (жеткізушінің мекенжайын қоса алғанда) _____
6. Транзит елдері_____
7. Мекендейтін елдер_____
8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункті_____
9. Жеткізу орны және сақтау шарттары_____
_____
(үй-жайлардың мекенжайы және сипаттамасы, объект ұсталатын үй-жайды оқшаулау шарттары)
10. Қажет болған жағдайда, ғылыми зерттеулер аяқталғаннан кейін карантиндік объектіні жою әдістерін қоса алғанда, жүргізілетін болжамды стандартты жұмыс рәсімдері
_____
11. Тікелей ғылыми зерттеулер жүргізілетін зертханаға өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың кіруін қамтамасыз етуге міндеттенемін.

Қосымша:
1. _____;
2. _____.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәлімет ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болатынымын туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____ _____
(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

20__ жылғы «____» _____

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 9 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №18281 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 14 ақпан №14 Астана қаласы

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4-1) және 4-2) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдарға осы бұйрық қолданысқа енгізілген күннен бастап бір ай ішінде осы Қағидаларға 1-25-қосымшалардағы нысандарға, көрсеткіштер мен құрылымға сәйкес ведомстволық бағынысты ұйымдардың қолданыстағы бесжылдық даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерін мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі Т.СҰЛЕЙМЕНОВ

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 4-1) және 4-2) тармақшаларына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар (бұдан әрі – АҚ) мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (бұдан әрі – ЖШС) және мемлекеттік кәсіпорындардың (бұдан әрі – МК) даму жоспарын әзірлеу, бекіту, олардың орындалуы жөніндегі есептердің, сондай-ақ даму жоспарларының іске асырылуын мониторингілеу және оны бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) басқарушы орган – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес АҚ (ЖШС) бақылау пакет акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иелену мен пайдалану құқықтарын және (немесе) мемлекеттік кәсіпорындарды басқаруды жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты;

2) бекітуші орган – Қазақстан Республикасының заңдары мен осы Қағидаларға сәйкес ұйымдардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін бекіту өкілеттігі берілген АҚ директорлар кеңесі, ЖШС бақылау кеңесі, байқау кеңесі жоқ МК және ЖШС бойынша – тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты;

3) біртектес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болмаса да, ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрамдауыштардан тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, бұл оларға бірдей функцияларды орындап, өзара алмасуға мүмкіндік береді;

4) даму жоспары – ұйымның бес жылдық кезеңге арналған қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат;

5) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – тиісті аймақта өз құзыреті шегінде жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын облыс әкімі (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын алқалы атқарушы орган;

6) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган – жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың жүктелген функцияларын жүзеге асыруға әкімдік уәкілеттік берген, тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме;

7) корпоративтік құрылымдарға кіретін ұйымдар – жүйе құрушы элементтер ретінде бас (иегер) ұйым болатын құрылымның ұйымдары, сондай-ақ акция пакеттерін (қатысу үлесін) иеленуіне қарай оның бақылауындағы ұйымдар, еншілес және/немесе тәуелді заңды тұлғалар және олармен үлестес басқа да заңды тұлғалар, ондағы акциялар (қатысу үлесі) бас (иегер) ұйымға осы заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын береді;

8) қызметтің түйінді көрсеткіштері – ұйым қызметінің тікелей және түпкілікті нәтижесінің көрсеткіштері, сондай-ақ сапа көрсеткіштері (болған жағдайда);

9) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – «Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 802 қаулысында айқындалған заңды тұлға;

10) мемлекеттік мүлік тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жедел басқаруындағы мүлікті және мемлекеттік материалдық резерві қоспағанда, мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі;

11) өнім – ұйымның жарғылық қызметі шеңберінде орындалатын біртектес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

12) сапа көрсеткіштері – өнімнің белгіленген талаптар мен сатып алушылардың (алушылардың, пайдаланушылардың) үмітіне сәйкес келу дәрежесін көрсететін көрсеткіштер;

13) сәйкестендіргіш – тізілімнің веб-порталы беретін, даму жоспарының (бекітілген/нақтыланған) немесе даму жоспарының орындалуы бойынша есептің бірегей нөмірі;

14) тиісті саланың уәкілетті органы – мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқаруды жүзеге асыратын және Заңда көзделген шарттарда республикалық мүлікке қатысты құқықтарды иеленетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған орталық атқарушы орган;

15) түпкілікті нәтиже көрсеткіштері – белгілі бір уақыт аралығында қол жеткізілуі тиіс белгілі бір қорытындыларды көрсететін көрсеткіштер және даму жоспарында айқындалған, ұйымдардың алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін шешуден болған әсер;

16) тікелей нәтиже көрсеткіштері – ұйым құрған, өткізілген өнімдер көлемінің сандық сипаттамасын көрсететін көрсеткіштер;

17) тізілімнің веб-порталы – Интернет желісінде www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша орналасқан, тізілім деректеріне бірыңғай қолжетімділік нүктесін ұсынатын интернет-ресурс;

18) ұйымдар – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі акционері (қатысушы, сенімгерлік басқарушысы) болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғамдарды, шектеулі серіктестіктерді және өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, МК және мемлекет бақылайтын, оның ішінде сенімгерлік басқаруға берілген АҚ (ЖШС);

19) ұйымның атқарушы органы – атауы ұйымның жарғысымен айқындалатын, атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға немесе алқалы орган.

3. Тиісті саланың уәкілетті органдары жоспарланған кезеңнің алдындағы бірінші қыркүйекке дейін ұйымдарға мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында (стратегиялық жоспар жобасында) және (немесе) мемлекеттік органның операциялық іс-шараларының орындалуында көрсетілген, мемлекеттік органдардың мақсаттарына қол жеткізуге алып келетін ұйым қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен түйінді көрсеткіштерін әзірлеп, жібереді.

Егер АҚ-ның (ЖШС-ның) мемлекет қатысатын акциялардың бақылау пакеті (жарғылық капиталындағы қатысу үлесін) сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда, сенімгерлік басқарушылар жоспарланған кезеңге дейінгі жылдың бірінші қыркүйегіне дейін ұйымдарға олардың қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен түйінді көрсеткіштерін әзірлеп, жолдайды.

4. Жергілікті атқарушы органдар (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар) жоспарланған кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қазанына дейін ұйымдарға аумақтарды дамыту бағдарламаларында (аумақтарды дамытудың бағдарлама жобасында) және (немесе) аумақтарды дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шараларда көрсетілген, жергілікті атқарушы органдардың мақсаттарына қол жеткізуге алып келетін ұйым қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен түйінді көрсеткіштерін әзірлеп, жібереді.

5. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін тиісті салалардың уәкілетті органдары жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қыркүйегіне дейін ұйымдарға:

1) тиісті саланың уәкілетті органының бюджеттік бағдарламасының мақсаттарына, нәтижелер көрсеткіштері мен міндеттерінің орындалуына алып келетін ұйым қызметінің мақсаттары мен міндеттерін;

2) қызметтің түйінді көрсеткіштерін әзірлеп, жібереді.

Егер бюджеттік бағдарламаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген не оны қайта бекіткен жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы бюджеттік бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген немесе ол қайта бекітілгеннен кейін бір ай ішінде ұйым үшін оның мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ түйінді көрсеткіштерін нақтылайды.

6. Егер ұйымдар бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға қатыспаған жағдайда, немесе олардың қатысуы стратегиялық жоспарда (аумақты дамыту бағдарламасында) көзделмеген болса, тиісті саланың уәкілетті органы жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қыркүйегіне дейін немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қазанына дейін осы органдар қызметінің стратегиялық бағыттарына байланысты ұйымдар қызметінің мақсаттарын, міндеттері мен түйінді көрсеткіштерін әзірлеп, жібереді.

7. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, аумақты дамыту бағдарламасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген не оны қайта бекіткен жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін не мемлекеттік органның стратегиялық жоспары немесе аумақты дамыту бағдарламасы қайта бекітілген жағдайда, ұйым үшін оның мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ қызметінің түйінді көрсеткіштерін бір ай ішінде нақтылайды.

8. Бірыңғай оператор даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептердің, даму жоспарларының іске асырылуын мониторингілеудің нәтижелері туралы есептер мен даму жоспарларының іске асырылуын бағалаудың веб-портал тізілімінде сақталуын қамтамасыз етеді.

2-тарау. Даму жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібі

9. Ұйымның даму жоспарын ұйымның атқарушы органы мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында, аумақты дамыту бағдарламасында баяндалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес бес жылдық кезеңге бір рет әзірлейді.

10. МК даму жоспарын тиісті саланың уәкілетті органы, жергілікті арқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бекітеді.

Байқаушы кеңестері бар шаруашылық жүргізу құқығындағы МК-ның даму жоспарын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) байқау кеңесінің қорытындысын ескере отырып, бекітеді.

Мемлекет бақылауындағы АҚ мен ЖШС даму жоспарларын мемлекет бақылайтын АҚ мен ЖШС директорлар кеңестері (байқаушы кеңестермен) бекітеді.

ЖШС-де байқаушы кеңес болмаған жағдайда, даму жоспарын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылған атқарушы орган) бекітеді.

11. Ұйымның даму жоспарын әзірлеу және бекіту осы Қағидаларға 1-13-қосымшалардағы құрылымға, нысандарға, көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылады және:

ұйымның даму жоспарының/даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің құрылымын;

ұйым паспортын;

корпоративтік құрылымын;

қызметтің негізгі бағыттарын (мақсаттар, міндеттер мен түйінді көрсеткіштер, іске асыру бағдарламасы);

қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерін (қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері, кірістер, шығыстар, инвестициялар және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, үлестік құралдарды сатып алуды);

қосымша көрсеткіштерді (алып отырған алаң және автокөлік, қарыз алу құрылымы, уақытша бос ақшаны орналастыру) қамтиды.

12. Даму жоспарына түсіндірме жазба жоспарланған бес жылдық кезеңге арналған көрсеткіштер негіздемесін, сондай-ақ даму жоспарының әрбір қосымшасына негіздемелер мен түсіндірмелерді қамтиды.

13. Даму жоспары бес жылдық кезең шеңберінде, жылдар бойынша бөлінген қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштерін көрсетеді.

14. Даму жоспарын әзірлеу тізілімнің веб-порталында жүзеге асады.

15. Ұйымның атқарушы органы қолданыстағы бес жылдық жоспардың соңғы жылының жиырмасыншы қарашасынан кешіктірмей, бекітуші органдарға даму жоспарының жобасын қарап, бекітуге жібереді.

Ұйымның атқарушы органы бекітуші органдарға даму жоспарымен бір мезгілде осы Қағидаларға 14-25-қосымшалардағы нысандарға сәйкес қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесін (активтер, пассивтер, персонал, тану көздері бойынша кірістер, инвестицияларды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, негізгі өндіріс жоспары, үстеме шығыстар мен қосымша өндіріске шығыстарды есепке ала отырып негізгі өндіріс шығыстары, көмекші өндіріске шығыстар, үстеме шығыстар, әкімшілік шығыстар, сыйақылар бойынша шығыстар, өзге де шығыстар) ұсынады.

Осы Қағидаларға 14-25-қосымшаларға сәйкес нысандарда көрсетілген қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесі тек ақпараттық сипатта болады және бекіту нысанасы болып табылмайды.

Атқарушы орган даму жоспарында бекітілген жиынтық көрсеткіштер шеңберінде, осы Қағидалардағы 14-25-қосымшаларға сәйкес нысандарда қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесіне айына кемінде бір рет дербес түрде түзетулер енгізе алады.

Қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемелерін түзету тізілімнің веб-порталында жүзеге асырылады және оған атқарушы органның шешімі негізінде ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады.

16. Байқаушы кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы МК-на ұйымның атқарушы органы байқаушы кеңестің қарауына қолданыстағы бес жылдық жоспардың соңғы жылының бірінші қазанына дейін даму жоспарының жобасын жібереді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы МК байқаушы кеңесі қолданыстағы бес жылдық жоспардың соңғы жылының жиырма бесінші қазанына дейін тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органға) даму жоспары жобасының қорытындысын ұсынады.

17. Бекітуші орган ұйымның даму жоспарының жобасын ол түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Бекітуші органның ескертулері болған жағдайда, атқарушы орган ескертулер алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде даму жоспарының жобасын пысықтап, оны бекітуші органға бекітуге қайта ұсынады, бекітуші орган пысықталған даму жоспарының жобасын бес жұмыс күні ішінде қарайды.

18. Даму жоспарын бекітуші орган жоспарланатын кезеннің алдындағы жылдың жиырма бесінші желтоқсанына дейін бекітеді.

19. Ұйым құрылған жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылған атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты ұйым әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы органдар қызметінің стратегиялық бағыттарына байланысты ұйым қызметінің мақсаты, міндеттері мен негізгі көрсеткіштерін әзірлеп, жаңадан құрылған ұйымға жібереді.

20. Жаңадан құрылған ұйымның атқарушы органы ұйым әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде бес жылдық кезеңге даму жоспарын әзірлеп, оны бекітуші органның қарауына жібереді.

Бекітуші орган жаңадан құрылған ұйымның даму жоспарының жобасын түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Бекітуші органның ескертулері болған жағдайда, ұйымның атқарушы органы даму жоспарының жобасын пысықтап, оны бекітуші органға бекітуге қайта ұсынады, бекітуші орган пысықталған даму жоспарының жобасын бес жұмыс күні ішінде қарайды.

21. Ұйым даму жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оған ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойып, сәйкестендіргішін көрсете отырып, бекітуші органның PDF форматында сканерленген шешімін тіркеп, тізілімнің веб-порталы арқылы бірыңғай операторға жібереді.

22. Бірыңғай оператор даму жоспары түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұйымның электрондық мекенжайына даму жоспарының тізілімге қабылданғаны туралы хабарлама, не оны қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлама жібереді.

Мыналар:

1) бекітуші органның даму жоспарының бекітілгені туралы қоса сканерленіп, тіркелген шешімінің болмауы;

2) ұйымға тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылуы даму жоспарын қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Бірыңғай оператор даму жоспарын қабылдаудан бас тартқан жағдайда, ұйым ескертулерді жойып, даму жоспарының қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бірыңғай операторға даму жоспарын қайта енгізеді.

1-параграф. Даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау

23. Бекітуші орган бес жылдық кезең ішінде даму жоспарының жыл сайынғы нақтылауын жүзеге асырады.

24. Ұйымның даму жоспарын жыл сайынғы нақтылау тізілімнің веб-порталында осы Қағидаларға 1-13-қосымшалардағы құрылымға, нысандарға, көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылады және:

ұйымның даму жоспарының/даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің құрылымын;

ұйым паспортын;

корпоративтік құрылымын;

қызметтің негізгі бағыттарын (мақсаттар, міндеттер мен түйінді көрсеткіштер, іске асыру бағдарламасы);

қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерін (қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері, кірістер, шығыстар, инвестициялар және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, үлестік құралдарды сатып алуды);

қосымша көрсеткіштерді (алып отырған алаң және автокөлік, қарыз алу құрылымы, уақытша бос ақшаны орналастыру) қамтиды.

25. Ұйымның атқарушы органы жоспарланған кезеннің алдындағы жылдың жиырмасыншы қарашасынан кешіктірмей, ұйымның даму жоспарын жыл сайынғы нақтылаудың жобасын бекітуші органға қарауға, келісуге және бекітуге жібереді.

Ұйымның атқарушы органы бекітуші органдарға даму жоспарын жыл сайынғы нақтылаудың жобасымен бір мезгілде осы Қағидаларға 14-25-қосымшалардағы нысандарға сәйкес қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесін (активтер, пассивтер, персонал, тану көздері бойынша кірістер, инвестицияларды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, негізгі өндіріс жоспары, үстеме шығыстар мен қосымша өндіріске шығыстарды есепке ала отырып негізгі өндіріс шығыстары, көмекші өндіріске шығыстар, үстеме шығыстар, әкімшілік шығыстар, сыйақылар бойынша шығыстар, өзге де шығыстар) ұсынады.

Атқарушы орган даму жоспарында бекітілген жиынтық көрсеткіштер шеңберінде, осы Қағидалардағы 14-25-қосымшаларға сәйкес нысандарда қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесіне айына кемінде бір рет дербес түрде түзетулер енгізе алады.

Қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесін түзету тізілімнің веб-порталында жүзеге асырылады және атқарушы органның шешімі негізінде ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады.

26. Байқаушы кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы МК-ға ұйымның атқарушы органы жоспарланған кезеннің алдындағы жылдың бірінші қазанына дейін даму жоспарын жыл сайынғы нақтылаудың жобасын байқаушы кеңеске қарауға және келісуге жібереді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқаушы кеңесі жоспарланған кезеннің алдындағы жылдың жиырмасыншы қазанына дейін тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджетпен қаржыландыратын атқарушы органға) даму жоспарын жыл сайынғы нақтылаудың жобасына қорытынды ұсынады.

27. Бекітуші орган ұйымның даму жоспарын жыл сайынғы нақтылаудың жобасын келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Бекітуші органның ескертулері болған

(Жалғасы. Басы 23-бетте)

қолтаңбасымен қол қояды және сәйкестендіргішін көрсете отырып, PDF форматында бекітуші органның сканерленген шешімін тіркеп, бірыңғай операторға тізілімнің веб-порталы арқылы жолдайды.

36. Бірыңғай оператор нақтыланған даму жоспары түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұйымның электрондық мекенжайына нақтыланған даму жоспарының тізілімге қабылданғаны туралы хабарлама, не оны қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлама жолдайды.

Мыналар:

1) бекітуші органның даму жоспарын жыл сайынғы нақтылауды бекіту туралы сканерленіп, тіркелген шешімінің болмауы;

2) ұйымға тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылуы нақтыланған даму жоспарын қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Бірыңғай оператор нақтыланған даму жоспарын қабылдаудан бас тартқан жағдайда, ұйым ескертулерді жойып, нақтыланған даму жоспарының қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде даму жоспарын бірыңғай операторға қайта енгізеді.

3-тарау. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу және ұсыну тәртібі

37. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті ұйымның атқарушы органы бес жылдық кезеннің әр қаржы жылының қорытындылары бойынша әзірлейді.

38. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу осы Қағидаларға 1-13-қосымшалардағы құрылымға, нысандарға, көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылады және:

ұйымның даму жоспарының/даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің құрылымын;

ұйым паспортын;

корпоративтік құрылымын;

қызметтің негізгі бағыттарын (мақсаттар, міндеттер мен түйінді көрсеткіштер, іске асыру бағдарламасы);

қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерін (қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері, кірістер, шығыстар, инвестициялар және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, үлестік құралдарды сатып алуды);

қосымша көрсеткіштерді (алып отырған алаң және автокөлік, қарыз алу құрылымы, уақытша бос ақшаны орналастыру) қамтиды.

39. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасы бекітуші органның қарауына:

қаржылық есептіліктің міндетті немесе бастамашылық аудитін жүргізбейтін ұйымның атқарушы органы – есепті жылдан кейінгі жылдың он бесінші сәуірінен кешіктірмей;

қаржылық есептіліктің міндетті немесе бастамашылық аудитін жүргізетін ұйымның атқарушы органы аудиттелген қаржылық есептілік бекітілгеннен кейін – он бес жұмыс күні ішінде, бірақ, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші қыркүйегінен кешіктірмей енгізеді.

Ұйымның атқарушы органы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасымен бір мезгілде бекітуші органдарға осы Қағидаларға 14-25-қосымшалардағы нысандарға сәйкес қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің есептемесін (активтер, пассивтер, персонал, тану көздері бойынша кірістер, инвестицияларды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, негізгі өндіріс жоспары, үстеме шығыстар мен қосымша өндіріске шығыстарды есепке ала отырып негізгі өндірістің шығыстары, көмекші өндіріске шығыстар, үстеме шығыстар, әкімшілік шығыстар, сыйақылар бойынша шығыстар, өзге де шығыстар) ұсынады.

40. Бекітуші орган даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

41. Бекітуші органның ескертулері болған жағдайда, ұйымның атқарушы органы ескертулер алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын пысықтап, оны бекітуші органның қарауына қайта ұсынады, бекітуші орган даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің пысықталған жобасын бес жұмыс күні ішінде қарайды.

42. Бекітуші орган есепті:

қаржылық есептіліктің міндетті немесе бастамашылық аудитін жүргізбейтін ұйымдарға – есепті кезеңнен кейінгі жылдың бірінші маусымынан кешіктірмей;

қаржылық есептіліктің міндетті немесе бастамашылық аудитін жүргізетін ұйымдарға – ұйымның атқарушы органының қарауына енгізілген күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде бекітеді.

43. Ұйым даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оған ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қояды және сәйкестендіргішін көрсете отырып, PDF форматында бекітуші органның сканерленген шешімін тіркеп, бірыңғай операторға тізілімнің веб-порталы арқылы жолдайды.

44. Бірыңғай оператор даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұйымның электрондық мекенжайына даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің тізілімге қабылданғаны туралы хабарлама, не оны қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлама жолдайды.

Мыналар:

1) бекітуші органның даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы сканерленіп, тіркелген шешімінің болмауы;

2) ұйымға тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылуы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Бірыңғай оператор даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, ұйым ескертулерді жойып, бірыңғай операторға даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде даму жоспарын бірыңғай оператор арқылы енгізеді.

45. Уақытша бос ақша қаражатын қаржы құралдарына орналастырған және қарыздарды тартқан жағдайда, ұйымдар есепті тоқсаннан кейінгі айдың онына дейін, тоқсан сайын ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылатын, осы Қағидаларға 26 және 27-қосымшаларға сәйкес, тізілімге қосу үшін қарыз алу құрылымы және уақытша бос ақшаның орналастырылғаны туралы есепті ақпаратты жолдайды.

4-тарау. Даму жоспарының іске асырылуына мониторинг жүргізудің тәртібі

46. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында, аумақтарды дамыту бағдарламасында көзделген, ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері мен өзге де көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты талдау және қорыту даму жоспарларының іске асырылуының мониторингі болып табылады.

47. Басқарушы орган жыл сайын есепті жылдың алдындағы жылдың оныншы қазанынан кешіктірмей, ұйымдардың бекітілген даму жоспарларының және олардың орындалуы жөніндегі есептердің негізінде ұйымдардың даму жоспарларының іске асырылуын мониторингілеуді жүзеге асырады.

48. Мониторинг жүргізу үшін басқарушы орган тізілімнің веб-порталында ұйымның қызметі туралы ақпаратты (қызметтің мақсаттары мен міндеттеріне, түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу, ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі) осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес қалыптастырады.

49. Осы тармақта көрсетілген, төменде келтірілген ақпаратты талдау негізінде басқарушы орган даму жоспарларын іске асырылуын мониторингілеудің нәтижелері туралы есепті қалыптастырады, олар мынадай:

1) даму жоспарларына өзгерістер енгізудің, даму жоспарларына өзгерістер енгізу рәсімдері мен мерзімдері бойынша талаптарды сақтаудың негізділігі туралы;

2) қызметтің жоспарланған және нақты қол жеткізілген түйінді көрсеткіштері, оларға қол жеткізбеудің себептері туралы;

3) бюджетке аударылуға тиіс дивиденттер, қатысу үлесіне кіріс, МК таза кірісінің бір бөлігі туралы;

4) персоналдың жағдайы мен еңбекақы төлеу қоры туралы;

5) ұйымдардың қаржылық тұрақтылығы туралы;

6) ұйымдардың кірістері мен шығыстары туралы;

7) ұйымдардың инвестициялары туралы;

8) даму жоспарының есепті кезең ішіндегі қызметтің түйінді көрсеткіштері, мақсаттары мен міндеттері, оның ішінде оларға қол жеткізу дәрежелері (нақты нәтижелердің жоспарланғаннан ауытқулары болған жағдайда, түпкілікті нәтижелерге әсер еткен себептер мен факторларды ашып көрсеткен жөн) бөлінісінде іске асырылу нәтижелері туралы;

9) даму жоспарын іске асыру процесінде туындаған мәселелер, олардың қызметтің мақсаттары мен түйінді көрсеткіштеріне әсері, сондай-ақ анықталған мәселелерді шешу бойынша қабылданған шаралар мен даму жоспарының уақтылы іске асырылуын уақтылы қамтамасыз ету туралы;

10) ұйымдардың даму жоспарын іске асыру, ұйымдардың даму жоспарларына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар туралы ақпаратты қамтиды.

50. Даму жоспарының іске асырылу мониторингісінің нәтижелері туралы есепке басқарушы органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен есепті кезеңнен кейінгі жылдың жиырма бесінші қазанынан кешіктірмей қол қойылып, бірыңғай операторға тізілімнің веб-порталы арқылы жіберіледі.

Бірыңғай оператор даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеудің нәтижелері туралы есеп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде басқарушы органның электрондық мекенжайына даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеудің нәтижелері туралы есептің тізілімге қабылданғаны туралы хабарлама, не оны қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлама жолдайды.

Басқарушы органға тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылуы даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеудің нәтижелері туралы есепті қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Бірыңғай оператор даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу нәтижелері туралы есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, басқарушы орган ескертулерді жойып, даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу нәтижелері туралы есептің қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бірыңғай операторға оны қайта жібереді.

51. Басқарушы орган есепті кезеңнен кейінгі жылдың жиырма бесінші қазанынан кешіктірмей, ұйымдарға даму жоспарларының іске асырылуын мониторингілеудің нәтижелері туралы есепті жібереді.

5-тарау. Даму жоспарының іске асырылуына бағалау жүргізудің тәртібі

52. Даму жоспарында көрсетілген ұйым қызметінің нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуді кешенді бағалау даму жоспарының іске асырылуын бағалау болып табылады.

Мемлекет бақылайтын АҚ мен ЖШС даму жоспарының іске асырылуын бағалауды олардың директорлар кеңестері, байқау кеңестері бекітілген даму жоспарларының, олардың орындалуы жөніндегі есептер мен даму жоспарларының іске асыруын мониторингілеу нәтижелері туралы есептердің негізінде жүзеге асырады.

ЖШС-де байқау кеңесі болмаған жағдайда, даму жоспарының іске асырылуын бағалау тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) жүзеге асырады.

МК дамыту жоспарының орындалуын бағалау даму жоспарының іске асылуын мониторингілеу нәтижелері туралы есепте көрсетіледі.

53. Даму жоспарының іске асырылуын бағалау есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші желтоқсанынан кешіктірілмей, даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің және даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеудің негізінде жүзеге асырылады.

54. АҚ және ЖШС даму жоспарының іске асырылуын бағалау мыналарды:

1) даму жоспарында көрсетілген қызметтің болжанатын негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалауды;

2) ұйым қызметінің қаржылық көрсеткіштерінің орындалуын талдауды қамтиды.

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларына 1-қосымша

Ұйымның даму жоспарының/даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің құрылымы

Ұйымның паспорты	
Корпоративтік құрылым	
Қызметтің негізгі бағыттары	Мақсаттар, міндеттер мен түйінді көрсеткіштер
	Іске асыру бағдарламасы
Қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштері	Қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері
	Кірістер
	Шығыстар
	Инвестициялар және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу
	Үлестік құралдарды сатып алу
Қосымша көрсеткіштер	Алып отырған алаң және автокөлік
	Қарыз алу құрылымы
	Уақытша бос ақшаны орналастыру

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларына 2-қосымша

Ұйым паспорты

Басқарушы орган _____

Ұйымның атауы _____

Құжаттың түрі (даму жоспары: бекітілген/жыл сайынғы нақтылау/жартыжылдық нақтылау/даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп)

Бес жылдық кезең _____

Жоспарланатын/есепті кезең_____

күн _____№_____

№	Атауы		Ақпарат			
1	Мекенжай	деректемелер	Заңды	Нақты		
2		индекс				
3		облыс				
4		қала (кент)				
5		көше (ықшам аудан)				
6		үй				
7		кеңсе				
8	Байланыс телефондары					
9						
10	Электрондық мекенжай (e-mail), веб-сайт					
11	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі					
12	ЭҚҰЖ бойынша қызметтің түрі (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші)					
13	КҰЖЖ бойынша сәйкестендіру коды (Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеуіші)					
14	Ұйымның ұйымдық-құқықтық нысаны					
15	Қысқаша тарихы:	Ұйым Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес құрылған	бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
16						
17			№			
18		Қызмет түрлері (Жарғыға сәйкес)				
19						
20						
21		Әділет органдарында тіркеу		ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)	№
22						
23		Қайта тіркеу (соңғы)	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)	№
24						
25	Табиғи монополияның субъектісі болып табыла ма	Табиғи монополия саласы				
26		Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері				
27		Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне қосу негіздемесі				
28	Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі болып табыла ма		Қызметтің түрі		Географиялық шекаралары	
29						
30						
31						
32	Табиғат пайдаланушы болып табыла ма	Табиғат пайдалану құқығына лицензия және (немесе) рұқсат, лицензия және (немесе) рұқсатты берген орган				
33			бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
34						
35			№			
36		Табиғат пайдалану құқығына шешім, шешімді қабылдаған орган (Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы орган)	бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
37						
38			№			
39		Табиғат пайдалану құқығына шарт (келісімшарт), шарт (келісімшарт) жасаған орган	бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
40						
41			№			
42		Табиғат пайдалану сипаттамасы	тұрақты		уақытша	
43			иеліктен шығарылатын		иеліктен шығарылмайтын	
44			бастапқы		екіншілік	
45			қайтарымды		қайтарымсыз	
46	Жер қойнауын пайдаланушы болып табыла ма	Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар	Операция түрі			
47			Келісімшарт жасаған (рұқсат берген) орган			
48			Келісімшарт (рұқсат)	бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
49						
50			№			
51			Операция түрі			
52			Келісімшарт жасаған (рұқсат берген) орган			
53			Келісім (рұқсат)	бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
54						
55			№			
56	Су пайдаланушысы болып табыла ма	Суды пайдалану құқығына рұқсат, рұқсат берген орган				
57			бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
58						
59			№			
60		Су пайдаланудың сипаттамасы	тұрақты		уақытша	
61			иеліктен шығарылатын		иеліктен шығарылмайтын	
62			бастапқы		екіншілік	
63	Жер пайдаланушысы болып табыла ма	Жерді пайдалану құқығына шешім, шешімді қабылдаған орган				
64			бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
65						
66			№			
67		Жер пайдаланушының сипаттамасы	тұрақты		уақытша	
68			иеліктен шығарылатын		иеліктен шығарылмайтын	
69			бастапқы		екіншілік	
70			қайтарымды		қайтарымсыз	
71	Орман пайдаланушысы болып табыла ма	Орманды ұзақ мерзімді пайдалану	Орманды пайдалануға тендердің нәтижелері туралы хаттама (шарт), шартты жасаған орган			
72			бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
73						
74			№			
75		Орманды уақытша пайдалану	Орман билеті, оны берген орган			
76			бастап	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖЖ)
77						
78			№			
79	Жарғылық капитал, мың теңге	Жарғыға сәйкес				
80		Төленбеген				
81	Акциялар саны				Хабарланған	Орналастырылған	Сатып алынған
82	Барлығы						
83	оның ішінде	Қарапайым акциялар	Барлығы				
84			оның ішінде	мемлекеттік меншікте		X		X
85				жеке меншікте		X		X
86		Басым акциялар	Барлығы				
87			оның ішінде	мемлекеттік меншікте		X		X
88				жеке меншікте		X		X
89	Бір акцияның құны мен табыстылығы				алдыңғы кезеңнің фактісі			есепті кезеңнің фактісі
90	Бір акцияның құны							
91	Бір акцияның табыстылығы	Жалпы						
92		Мемлекеттік тапсырыс бойынша және өнімдерді мемлекеттік мекемелерге сатудан түсетін кірістерді есепке алмағанда						
93	Бір акция құнының өсу қарқыны							
94	Тіркеуші туралы мәліметтер	Ұйымдық-құқықтық нысаны	атауы	мекен жайы	лицензия		байланыстар	
95					беруінің күні (КК.АА.ЖЖЖЖ)	нөмір	тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	телефон
96								
97	Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталдағы үлесі, %	Барлығы						
98		оның ішінде	мемлекеттік меншікте					
99			жеке меншікте					

100	Пайдалануы шектеулі мүлік пен шектеу салынған мүлік		мың теңге	% теңгерімдік құннан	Ол бойынша билік ету шектелген акті ауыртпалық салуға негіздеме болатын құжат)	Мүддесі үшін шектеу салылған (ауыртпалық салынған) субъект
101	Барлығы				X	X
102	оның ішінде	жер				
103						
104		ғимараттар мен құрылыстар				
105						
106		машиналар мен жабдық				
107						
108						

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларына 3-қосымша

Корпоративтік құрылым

Басқарушы орган _____

Ұйымның атауы _____

Құжаттың түрі (даму жоспары: бекітілген/жыл сайынғы нақтылау/жартыжылдық нақтылау/даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп)

Бес жылдық кезең _____

Жоспарланатын/есепті кезең_____

күн _____№_____

20XX															
бірінші деңгейдегі ұйымдар				екінші деңгейдегі ұйымдар				үшінші деңгейдегі ұйымдар				төртінші деңгейдегі ұйымдар			
Ұйымдық-құқықтық нысаны	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Атауы	Акциялар % (катысу үлестері)	Ұйымдық-құқықтық нысаны	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Атауы	Акциялар % (катысу үлестері)	Ұйымдық-құқықтық нысаны	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Атауы	Акциялар % (катысу үлестері)	Ұйымдық-құқықтық нысаны	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Атауы	Акциялар % (катысу үлестері)

Ұйымның корпоративтік құрылымына кіретін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны

Ұйымдық-құқықтық нысаны	бірінші деңгейдегі ұйымдар	екінші деңгейдегі ұйымдар	үшінші деңгейдегі ұйымдар	төртінші деңгейдегі ұйымдар	Жиыны
Акционерлік қоғам					
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік					
Жиыны					

3-қосымшаның жалғасы

20XX+1															
бірінші деңгейдегі ұйымдар				екінші деңгейдегі ұйымдар				үшінші деңгейдегі ұйымдар				төртінші деңгейдегі ұйымдар			
Ұйымдық-құқықтық нысаны	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Атауы	Акциялар % (катысу үлестері)	Ұйымдық-құқықтық нысаны	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Атауы	Акциялар % (катысу үлестері)	Ұйымдық-құқықтық нысаны	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Атауы	Акциялар % (катысу үлестері)	Ұйымдық-құқықтық нысаны	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Атауы	Акциялар % (катысу үлестері)

(Жалғасы бар)